



ЖАЛҒАН АЖЫРАСУ, ЖАЛҒАН НЕКЕ
АЛАЯҚТЫҚТЫҢ БІР ТҮРІ МЕ?

2



СЕЗІМ МЕН СЕНІМ: ЕРЕКШЕ
ЖАНДАРДЫҢ ЕРЕКШЕ МАХАББАТЫ

4

№03-04 (696). 24 қаңтар, 2025 жыл

Өзгені сынағанша, өзінді түзет!

ҚЫЗМЕТ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ АПТАЛЫҚ ГАЗЕТ

www.kyzmet-gazeti.kz

Газет 2009 жылдың 19 маусымынан шыға бастады



ӨЛІМДІ КҮЛКІГЕ АЙНАЛДЫРҒАН АДАМ

Осыдан көп жыл бұрын бойында күш-қайраты тасып тұрған, кемел ойлы журналист, «Saturday Revue» журналының бас редакторы Норман Казинс аяқ астынан белгісіз дертке душар болды. Қызуы көтеріліп, бүкіл денесі сырқырап ауырып, жанын көзіне көрсетеді. Күн өткен сайын жағдайы күрт нашарлай берді. Арада бір апта өтпей жатып қозғалысы қиындап, мойнын бұрып, қолын көтерудің өзі азапқа айналды. Сәлден кейін жағын ашып, тамақ шайнау да қиындық тудыратын болды.

Ауруханаға жатқызылған оған тиісті сараптамалар жасалды. Оның қорытындысы шыққанға дейінгі күтудің азабы қандай еді десеңізші?! Ақыры диагноз қойылып, Норманның коллагеноз деген аутоиммундық дертке шалдыққаны белгілі болады. Қатерлі дерт оның бүкіл ағзаларын зақымдап қана қоймай, оның иммундық жүйесі өз ағзасына қарсылық көрсете бастады.

Күн өткен сайын Казинстің денесі өзінің ырқына бағынбай бара жатты. Қолды-аяққа тұрмай зыр жүгіріп жүрген журналист бір-ақ күнде сал болып қалды. Ол үшін төсегінде аунап жату тұрмақ өз бетінше аяқ-қолын қозғалтудың өзі азапқа айналды. Жазмыштың маңдайға жазғанына қарсы тұра алмай тағдырына налыған Казинс қозғалыссыз төсекке таңылды. Дәрігерлер бұндай аурудан ілуде бір, бес жүз аурудан бір адам ғана айығатынын алдыға тартты. Жанына батқан сырқатынан бөлек қорқыныш пен үрей, өзінің төрт қабырғаға телмірген шарасыз күйі жанын жегідей жеп бара жатты.

Сол түні Норман түні бойы кірпік ілмей шықты. «Осы уақытқа дейін дәрігерлер маған қолынан келгеннің бәрін жасады. Демек, медицина бұл аурудың алдында дәрменсіз боп тұр. Егер мен тірі қалғым келсе, енді өзім әрекет жасауым керек. Сол себепті бұдан айығудың жолын өзім табуым керек» деп ойлады ол. Сөйтіп, өзін-өзі емдеуге бел байлайды. Немен, қалай дейсіздер ғой? Күлкімен! Дәл солай! Күлкімен! Бірде өзінің Хитциг деген дәрігерінің: «Егер адамның эндокриндік жүйесі қуатты жұмыс жасаса, ағза кез-келген ауруды жеңіп шыға алады», – дегені бар. Сол есіне түседі. «Ал сәйкесінше қорқыныш, үрей, күйзеліс, қайғы-мұң бұл жүйенің күйреуіне әкеліп соғады», – деген еді ол. Аталған жағымсыз көңіл-күй күйзеліс гармондары – адреналин мен норадреналин бөлетінін, ол қан арқылы бүкіл денеге жайылатынын айтқан болатын.

(Жалғасы 7-бетте).



ШЫМКЕНТТЕ Б.МОМЫШҰЛЫНА АРНАЛҒАН ҮШ ЕСКЕРТКІШ БАР

Биыл «Ұлы Отан соғысы» деп аталып жүрген Екінші дүниежүзілік соғыстың аяқталғанына 80 жыл толмақ. Посткеңестік елдер, оның ішінде біздің ел де бар, «Ұлы Жеңістің» мерейтойлы мерекесін салтанатты атап өтпек. Оған қоса, биыл аталған мерекелік датамен қоса, Б.Момышұлының 115 жылдығы, М.Ғабдуллиннің 110 жылдығы, Ә.Молдағұлова 100 жылдығы секілді қазақтың батыр ұл-қыздарының мерейтойлары қатар тойланбақ. Былтыр Атырауда өткен Ұлттық құрылтайда да сол тақырып көтеріліп, әскери және күштік құрылым қызметкерлеріне арналған «Айбын» орденінің үш түрлі дәрежелерін Сағадат Нұрмағамбетовтің, Бауыржан Момышұлының және Рақымжан Қошқарбаевтың есімімен атау жөнінде бастама көтерген еді. Жыл басында «Ана тілі» басылымына сұқбат берген ел президенті Қ.Тоқаев бұл тақырыпқа тағы бір рет арнайы тоқталып, «Айбын» орденінің үш дәрежесі батыр есімдерімен аталатын болғанын хабарлаған.

«Ұлы Жеңістің» мерекелік салтанаты жақындаған сайын мерейтойлық даталары көрсетілген батыр-

лардың қаламыздағы еске салып тұратын ескерткіштер ретіне шетінен тоқталсақ деп едік. Соның біріншісі болсын, Б.Момышұлы батырға арналған монументтік және басқадай ескерткіштер санатындағы нысандарды сөз етуді көздеп отырмыз.

Жалпы, әр елдің, әр қаланың өзінің жақсы көретін тарихи тұлғасы болады. Шымкент қаласының сүйікті тұлғасы – Бауыржан Момышұлы ма екен деп ойлап қаласың. Олай дейтін себебіміз, қалада Бауыржан атамиздың құрметіне қойылған естелік-ескерткіштер көп. Шаһар ортасындағы ең көрікті көшелердің бірі – Бауыржан Момышұлы атымен аталатынын еске алсақ, соның өзі неге тұрады? Одан басқа, үшінші мегаполис атанған қалада төрт ескерткіш: оның ішінде ҮШ ЕСКЕРТКІШ (толық мүсіні, бюстімен қоса), бір ескерткіш тақта орнатылған. Одан өзге де оның есімімен аталатын бірнеше нысандар бар. Енді осыларға рет-ретімен тоқталсақ.

(Жалғасы 3-бетте).

« ҚЫЗМЕТ » ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛУ ЖҮРІП ЖАТЫР. ИНДЕКС: 64295



ӨМІРІНІҢ ҚЫРЫҚ БЕС ЖЫЛЫН
ӨНЕРГЕ БАҒЫШТАҒАН МАЙДАНГЕР

6

(Жалғасы 7-бетте).

Депутаттар ұсыныс айтты

ЖАЛҒАН АЖЫРАСУ, ЖАЛҒАН НЕКЕ АЛАЯҚТЫҚТЫҢ БІР ТҮРІ МЕ?

Біріккен Ұлттар Ұйымының мәліметі бойынша, 2024 жылы әлемде ажырасу деңгейі ең жоғары 5 елдің бірі – Қазақстан болды. Деректерге сүйенсек, ажырасу көрсеткіші 1000 адамға шаққанда 2,3 адамды құрайды.

2023 жылғы Ұлттық статистика бюросының мәліметінше, елімізде 120,8 мың неке тіркелсе, оның 40,2 мыңы ажырасты. Тіпті кей жылдары Қазақстанда әрбір үшінші неке ажырасумен аяқталды. Осы ажырасқан отбасылардың көп бөлігі қала тұрғындары. Пайыздық өлшеммен алғанда 73,1 пайызды құрайды.

Жыл басында өңірлерді аралап, сайлаушылармен кездесіп, олардың қоғамды ілгерілетуге байланысты пікірін тыңдап, біраз аманатты арқалап келдік. Сонда жергілікті жердің әкімдері жасалған ажырасу фактісі көбейгенін қаперімізге тағы салды. Шыны керек, өтірік ажырасқандардың көзделгені – оңай жолмен пайда табу. Мәселен, 2015 жылы ресми ажырасып, мемлекеттен көмек алып, әлеуметтік осал топтың қатарына еніп, тұрғын үй кезегінде тұрған отбасыларда 2017, 2020 жылы ортақ балалары дүниеге келіп, әкесінің тегін алған. Тіпті, азайын-туысы да көрші-қоланы да олардың ешқашан ажыраспағанын айтады. Яғни, кейбір отбасылар саналы түрде құжат негізінде ажырасқанымен



бір үйде тұрып, бала тәрбиесімен бірге айналысып, тіршілік етуде. Мұндай қадамға барған жанұялар мемлекеттен субсидия мен жеңілдік алу үшін барын салады, - деді мәжіліс депутаты Жарқынбек Амантайұлы Премьер-министрдің орынбасары Тамара Дүйсеноваға бағыттаған сауалында.

Депутат олар мұндай әрекетке не үшін баратынын айтты.

Біз жеңілдікті астымен ауырдың үстімен жүретін отбасылардың әрекетін шарасыздықтан деп ақтап алуға да болар. Бірақ, олар нағыз мұқтаждардың жолын кесіп жатқанын түсінуіміз керек. Олар тауқымет тартқан талай отбасының алдына орап, кезегін кешіктіріп, обалына қағуда. Мәселенің мәні осында. Олардың арасында мемлекеттік қызметте және бизнесте жүрген жағдайлы отбасылар кездеседі. Яғни, тегін келе-

тін үйдің кезегіне тетігін тауып тұрып алған. Тіпті, зәулім үйлерде тұрып, атаулы әлеуметтік көмекті алудан да бас тартпай отырғандар қаниама?! Өтірікке құрылған неке отбасылық құндылықты да құлдыратып жіберетіні анық. Бұл да үлкен мәселе, - деп санайды Амантайұлы.

Депутат атағандай, соңғы уақытта сот тәжірибесінде де “жалған ажырасу” деген тіркес жиі айтыла бастады. Бұл жағдай ерлі-зайыптылардың өтірік ажырасуын алдын алу маңызы екенін тағы да көрсетеді.

Құқықтық тұрғыда бағалайтын болсақ, “жасалған некенің” де, “жасалған ажырасудың” да табиғаты – алаяқтықпен тең. Отбасы құндылықтарын дәріптейтін “Неке және отбасы туралы” заңында жасалған ажырасуды реттейтін бапта, норма да жоқ. Міне, осы заңды жетілдіретін кез келді. Некені сақтау мен жасалған некені алдын алуда халықаралық тәжірибелі саралап, тиімді тұстарын басшылыққа алу қажет. Жас буынды отбасы құндылықтарына деген жауапкершілікті ұлттық таным тұрғысынан дәріптеуді жандандыру да үлкен міндет. Сонымен қатар, мемлекеттік тіркеусіз жасалатын діни неке және азаматтық некені реттеудің де тетігін қарастыратын уақыт жетті, - деп атап өтті депутат сауалында.

САРБАЗДАР ӨЛІМІН АЗАЙТУҒА ТЫРЫСАМЫЗ, КЕПІЛДІК...

Мәжіліс кулуарында Қорғаныс министрінің бірінші орынбасары Сұлтан Қамалетдинов тілшілердің әскердегі сарбаздардың өлімі қашан азаяды деген сұрағына жауап берді, - деп хабарлайды Massaget.kz тілшісі.

“Әскер қоғамның бір бөлігі болғандықтан, қоғамдағы жағдайлар әскерде де тіркеледі. Әрине біз өлімді азайтуға тырысамыз”, - деді Қамалетдинов.

Сондай-ақ, БАҚ өкілдері Қорғаныс министрлігі ата-аналарға балалары үйіне аман-есен оралатынына қашан кепілдік беретінін сұрады.

“Сіз бүгін үйіңізге аман-есен жетіп алатыныңызға кепілдік бересіз бе, білмейсіз. Біз қазір жолға шыққанда маған не болатынын білмейміз”, - деді Қорғаныс министрінің бірінші орынбасары.

Қамалетдинов әскерде сарбаздардың қызметтік қарудан жараланып, кейде мерт болып жатқан жағдайлардың себебін түсіндірді.

“Кез келген адам, тіпті әскерде 40 жыл жүрген менің өзім кателесуім мүмкін. Біз әскери қызметкерлер қаруды үлкен тәуекелмен қолданамыз. Сондықтан қандай да бір оқыс жағдайларды алдын ала алмаймыз. Адам ұмытып кетеді, ойға шомады, талап етілетін алгоритмді орындамауы мүмкін. Сондықтан өкінішке қарай трагедиялық жағдайлар тіркеледі”, - деп атап өтті ол.

Еске салсақ, 14 қаңтарда Сарыөзек горнизонындағы (Жетісу облысы) сарбаз өлімі анықталды. 18 қаңтар Жетісу облысында оқу-жаттығу кезінде 18 жастағы қатардағы жауынгер оқ жаракатынан қаза болған.

ПОЛИЦЕЙЛЕР МЕН МЕМҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ ЖЕМҚОРЛЫҚҚА БЕЙІМДІЛІГІН ТЕСТІЛЕУ АРҚЫЛЫ ТЕКСЕРМЕК

Мәжіліс депутаттары полицейлер мен мемлекеттік қызметкерлердің кәсіби парасатын тексеру жөнінде заң жобасын жұмысқа алды. Бұл туралы Stan.kz ақпарат агенттігі хабарлайды.

Кәсіби парасатқа тестілеу елде жемқорлық деректерінің алдын алу үшін жүргізілмек.

“Заң жобасында жемқорлық фактілерін болғызбау мақсатында құқық қорғау және азаматтық қорғау органдары қызметкерлерін тестілеуді реттейтін норма көзделген. Олардың құқықтары мен міндеттері регламенттеліп, тестілеу тағайындау негіздері және тестілеу нәтижесі бойынша жауапкершілік шаралары қарастырылған. Нәтижесінде қызметінде адал емес қызметкерлер уақытында анықталып, ықтимал сыбайлас жемқорлық әрекеттерінен қоғамға келетін залалдың алдын алу мүмкіндігі туады”, - деді Снежанна Имашева.

Аталған заң жобасына сәйкес, құқық қорғау қызметіне қабылданар алдында үміткер тестілеуден өтетіні жайлы жазбаша ескерту алады.

ҚАЗАҚСТАНДА КАРТОП БАҒАСЫ ШАРЫҚТАДЫ

Қазақстанның бірқатар өңірлерінде картоп бағасының күрт көтерілуі аясында үкімет алты айға көкөністі үшінші елдерге экспортты шектеу туралы шешім қабылдады. Бұл туралы Stan.kz ақпарат агенттігі хабарлайды.

Премьер-министрдің тапсырмасы бойынша ауыл шаруашылығы, сауда және интеграция министрліктері елдегі картоп нарығындағы қалыптасқан жағдайды тұрақты бақылап отыр.

“Көрші елдердің, әсіресе Өзбекстанның сұранысының артуына және экспорттық бағаның жоғары болуына байланысты биыл картоп экспорты 1,5 есеге, яғни 411 мың тоннадан 605 мың тоннаға дейін өсті. Қарқынды сұраныс ішкі нарыққа өз әсерін тигізді. Өткен аптада экспортқа бағытталған тауар өндірушілердің бағасы 170 теңгеден 270 теңгеге дейін күрт өсті”, - деп хабарлады үкімет.

Ішкі нарықтағы картоп бағасын тұрақтандыру мақсатында 18 қаңтарда өткен сауда қызметі жөніндегі ведомствоаралық комиссия отырысында үшінші елдерге картоп экспортын 6 ай мерзімге шектеу туралы шешім қабылданды.

“Бұл шара ЕАЭО елдеріне қатысты емес, бірақ осы бағыттағы экспорт қадағаланады. Сонымен бірге қалыптасқан жағдайды ескере отырып, 16 қаңтарда экспортқа фитосанитарлық сертификаттарды беру толығымен тоқтатылды”, - деп түсіндірді үкімет.

Қабылданған шаралар картоп бағасының тұрақтылығын қамтамасыз етуге, бағаның негізсіз өсуіне жол бермеуге және нарық субъектілері тарапынан алыпсатарлық әрекеттерге жол бермеуге бағытталғаны атап өтілді.

Ауыл шаруашылығы министрлігінің мәліметінше, резервтер 2025 жылдың ерте өніміне дейін ішкі сұранысты толығымен жабуға жеткілікті. 19 қаңтардағы жағдай бойынша 850 мың тоннадан астам (картоп өсірушілер қауымдастығында 600 мың тонна, тұрақтандыру қорларында 68 мың тонна, жеке шаруашылықтар мен шағын шаруашылықтардағы жергелерде 200 мың тоннадан астам) қор бар. Айта кетейік, 2024 жылы картоптың жалпы түсімі – 2,9 млн тонна, 2024 жылға импорт 56 мың тонна.

Ақтөбеде қаңтардың басында келісінің бағасы 200 теңгеден аспайды. Соңғы аптада баға екі есеге өсті. Супермаркеттер келісін 388 теңгеден сұрап жатқан еді. Картоп өсіретін өңір деп саналатын Жетісу өңірінде бұл өнімнің бағасы 400 теңгеден асып кеткен. Бірақ оның сапасы Ақтөбедегі сөреде тұрған картопқа қарағанда әлдеқайда жақсы.

Павлодарда базарда үйде өсірілген картоптың келісі 400 теңгеден сұрап жағыр. Жергілікті дүкендерде келісі 320 теңгеден сатылууда. Павлодардың іргесіндегі аудандарда картоп 350 теңге тұрады.

Қызылордада картоптың келісі 360 теңгеден сатылады. Әлеуметтік дүкендерде жергілікті өнім 135 теңге тұрады. Шығыс Қазақстан облысында картоптың келісінің бағасы 446 теңгеге жетіп отыр. Ең қымбат картоп Астанада. Картоптың келісі дүкендерде 455 теңгеден сатылады.

БИЫЛ ДӘРІ 25 ПАЙЫЗҒА ДЕЙІН АРЗАНДАЙДЫ

Денсаулық сақтау министрлігі елде шектік бағаны белгілеу саясаты енгізілген соң дәрі-дәрмек құны 10-25%-ға дейін арзандайтынын мәлімдеді. Бұл туралы Stan.kz ақпарат агенттігі хабарлайды.

Орталық коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифинг барысында дәрі-дәрмек саясаты департаментінің директоры Жандос Әділхан дәрі бағасында қандай өзгерістер болатынын айтты.

“Қазір дәрі-дәрмек бағасын белгілеудің жаңа механизмі қабылданды. Соған байланысты денсаулық сақтау министрлігінде эксперттік сараптама орталығы бар. Жобамен дәрі-дәрмек бағасы 10-25% түседі деп болжанып отыр”, - деді ол.

Министрлік өкілдерінің мәліметінше, алдағы уақытта дәрі бағасына қатысты бұйрық жария етіледі. Бұйрықта дәрілердің жаңа бағасы көрсетіледі екен.

Сондай-ақ Жандос Әділхан 2025 жылы елде тегін берілетін дәрілердің тапшылығы болмайды деп сендірді.

“Бүгінде бұл мәселе өз шешімін тапты. Биыл дәріні сатып алу процесі ерте жүргізілгендіктен, барлық емдеу мекемелері дәрімен қамтылды. Сондай-ақ бүгінде “СК-Фармация” компаниясы тарапынан төмендемейтін қор қалыптасты. Бұл жоба биыл алғаш рет енгізілді. Аталған қор қажеттілігіне байланысты дәрілермен толықтырылып отырады. Сондықтан 2025 жылы тегін дәрінің тапшылығы болмайды деп болжауға болады”, - деп қосты ол.

ДОЛЛАР ҚЫМБАТТАЙ МА?

Ұлттық банк төрағасы Тимур Сүлейменов доллар бағамына қатысты пікір білдірді.

Сенат кулуарында төрағаға «1 доллар 600 теңге жете ме?» деген сұрақ қойылды. Сүлейменов қазіргі доллардың бағамын нарық өзі анықтағанын атап өтті.

Нарық тепе-теңдіктің жаңа мәнін тапты. Сондықтан қандай да бір іргелі сыртқы фактор мен ішкі факторлар өзгермесе, (доллар бағамы) тұрақты болады. Теңгенің долларға шаққандағы бағамы эконо-

миканың нақты көрінісі екенін атап өтемін. Экономика ашық, ДСҰ, ЕАЭО мүшесіміз, біз әлеммен белсенді түрде сауда жасаймыз, - деді ол.

Төраға әлемде болып жатқан жағдайлар теңге бағамына әсер ететінін атап өтті.

«Мысалы, мұнай бағасы, алтын, уран, (АҚШ-тың) федералды резерв саясаты, жалпы осының бәрі бізге әсер етеді. Өйткені, біз ашық экономикада өмір сүреміз. Сондықтан бұл факторлар қолайлы болса, онда (дол-

лар бағамы) тұрақты болады. Аталған факторлар күрт өзгерсе, онда бәрі болуы мүмкін. Менің ойымша, АҚШ-тағы сайлауда кім жеңетіні белгілі болды. Енді олар экономикалық саясатты айқындады. Біз геосаяси дағдарыс бәсенсіп, 2025 жылы Украинадағы соғыс қимылының қарқыны төмендейді деп үміттенеміз. Әртүрлі шектеу басты стратегиялық серіктесімізге әсер етеді. 2025 жыл 2024 жылға қарағанда жақсы болады деп үміттенемін», - деді Сүлейменов.

ШЫМКЕНТТЕ Б.МОМЫШҰЛЫНА АРНАЛҒАН ҮШ ЕСКЕРТКІШ БАР

◀ (Соңы. Басы 1-бетте).

ҚОЛЫНА ҚЫЛЫШ ҰСТАҒАН ЕСКЕРТКІШ

Кеңестер заманындағы Шымкент қаласында Космонавттар даңғылы (проспект Космонавтов) деп аталатын ірі көше болды. Бұл көше 1991 жылғы Тәуелсіздік алған жылдары көшелердің қайта атау беру науқанымен Бауыржан Момышұлының атына берілді. Қала көшелерін қайта атау туралы бастаманың басында сол кездегі «Қазақ тілі» қоғамының бюро мүшелері, тіл жанашырлары жүрді. Бұрынғы Космонавттар даңғылының Б.Момышұлы атына берілуінің басты себебі, осы көшеге жақын тұста батырдың өзі оқыған Қ.Сыпатаев атындағы №7 орта мектеп орналасқан болатын. Қазіргі таңда бұл даңғылдың жалпы ұзындығы – 4 шақырымнан асады, қала орталығындағы Әл-Фараби алаңынан бастап, Т.Рысқұлов көшесін жалғап жатқан қаланың негізгі магистральді үлкен көшелерінің бірі саналады.

Б.Момышұлы даңғылының бойында бірнеше қоғамдық-мәдени нысандар орналасқан. Әл-Фараби ескерткішінен бастап, Б.Момышұлы ескерткіші, «Мирас» және М.Әуезов атындағы университеттердің оқу корпусы, «Қызғалдақ» субұрқағы, «Жастар» аллеясы, Абай кітапханасы, «Халық банк» бөлімі, «Абай» саябағы, Абай ескерткіші, Мемлекеттік кірістер басқармасы, «Шымкент» циркі, Ұлттық теннис орталығы секілді көпшілікке арналған орындар, ескерткіштер, демалыс орындары, мемлекеттік және қоғамдық ұйымдар, басқа да қоғамдық тамақтану орындары, мейрамханалар, қонақ үйлер, сауда үйлері, және басқа да мекемелер орын тепкен.

2004 жылы Б. Момышұлы мен Тәукехан даңғылдарының қиылысындағы, қазіргі «Мирас» университетінің оқу корпусының (ол кезде А.С. Пушкин атындағы облыстық әмбебап кітапхана ғимараты) алдындағы ашықтау алаңқайға **БАУЫРЖАН МОМЫШҰЛЫ ЕСКЕРТКІШІ** орнатылды. Бұл ескерткіш «Ұлы Отан» соғысының ардагері, жазушы, Кеңес Одағының Батыры және Халық қаһарманы Бауыржан Момышұлының құрметіне арналған. Ескерткіш қазақ халқының даңқты ұлына құрмет көрсетіп, оның ерлігі мен тұлғалық қасиеттерін насихаттауды мақсат етеді.

Мүсінде Бауыржан Момышұлы үлкен тастың үстінде отырған күйде бейнеленген. Ол екі қолымен сол жағында орналасқан қылышына сүйеніп, арқасын кеңге жайып отыр. Оның үстінде әскери шинель бар. Мүсін түсті металдан жасалған, ішкі бөлігі бос. Ескерткіш күрең-қызыл граниттен жасалған үш деңгейлі тұғырға орнатылған: бірінші тұғырдың биіктігі – 0,15 метр, көлемі – 5,1 x 7 метр; екінші деңгейдің биіктігі – 1 метр, көлемі – 2,8 x 3,2 метр; үшінші, мүсін орнатылған тұғырдың биіктігі – 0,30 метр, көлемі – 2,5 x 2,5 метр. Тұғырдың алдыңғы жағында қара гранит тақтада «Бауыржан Момышұлы» деген жазу бар. Тақтаның өлшемі – 0,90 x 0,60 метр. Ескерткіштің жалпы биіктігі – 3,4 метр.

Ескерткіш орнатылған көшенің ескі атауы Космонавттар даңғылы болатын. 1991 жылы 6 тамызда Шымкент қалалық атқару комитетінің шешімімен бұл көшеге Б. Момышұлы есімі беріліп, 2004 жылы ескерткіші орнатылды. Кейін, 2017 жылы мүсінге қайта қалпына келтіру жұмыстары жүргізілді.

БУЫРҚАНҒАН РУХЫ ТАСҚЫНДАП ТҰРҒАН БАТЫР МҰСІНІ

Бауыржан Момышұлына арналған **ЕКІНШІ ЕСКЕРТКІШ** – Шымкент қаласы, Т.Рысқұлов көшесі бойындағы Ішкі істер министрлігінің Б.Момышұлы атындағы оқу орталығының алдындағы алаңқайда орналасқан. Мүсінді 1996 жылы Н. Рүстемов пен Д. Әлдеков жасаған. Ескерткіштің жалпы биіктігі – 5,5 метр. Тұғыры 3,5 метр, бюсттің биіктігі 2 метр. Ескерткіштің тұғыры биік етіп бетон материалдан құйылған, ал бюсттың материалы қола. Тұғырының етек



жағында сатылы баспалдақ секілді алаңқайлар жасалған.

Мүсінде батыр қолын сермей келіп, қолын жұдырықтай түйе ұстап, лезде кеуде тұсына төтеннен қапсыра жинай қалғандай қозғалысты күйде кейіптелген. Мүсінде батыр үстіне әскери шинель және басына әскери қалпақ киген. Ескерткіште негізгі кейіпкер денесінің беліне дейін қашалған, белінен төмен қарайғы бөлігі тұғырмен тұтастырыла бейнеленген.

Батырдың мүсіні көше жақтан қарағанда аса бір салтанатты, кеудесі рухқа толы, екіпінде қолын сермей келе жатқандай кейіпте тұр. Мүсінге қарай қалсаңыз, ішіндегі буырқанған қайрат-күші мен рухы тасқындап тұрғандай тым шынайы бейнеленген. Алдына келген адам батыр бейнесіне қарау үшін басын еріксіз жоғары көтере қарау керек. Бұл тұрғыда құқық қорғау саласының шешім қабылдағаны сөзсіз.

Былтыр Ішкі істер министрлігінің Б.Момышұлы атындағы оқу орталығының құрылғанына 50 жыл толған. 1974 жылы құрылған оқу орталығы жарты ғасыр бойы Қазақстан Республикасының Ішкі істер органдары үшін жоғары білікті кадрлар даярлайтын маңызды білім беру мекемесіне айналды. Орталық өз тарихында құқық қорғау саласының қызметкерлерін оқыту мен даярлауға инновациялық тәсілдерді енгізетін заманауи білім беру платформасы ретінде танылды.

Орталықтың тарихына кішірек тоқтала өтсек, КСРО ІІМ-нің 1974 жылғы 9 тамыздағы №0613 бұйрығына сәйкес, ІІМ Шымкент орта арнаулы басшы кадрлар даярлау мектебі құрылды. Мұнда КСРО-ның Орта Азиядағы бес одақтас республикаларына мамандар дайындады. Қазақ КСР ІІМ-нің 1991 жылғы 5 тамыздағы бұйрығына сәйкес, Шымкент орта арнаулы басшы кадрлар дайындайтын милиция мектебі болып қайта құрылып, әкімшілік-құқықтық және еңбекпен түзету мамандықтары бойынша орта білікті заң мамандары дайындалды. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 18-қыркүйектегі №1136-51 «С» Қаулысымен ІІМ Шымкент заң колледжі болып қайта құрылды. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 4 тамыздағы №438 Қаулысына сәйкес Шымкент заң колледжіне Кеңес Одағының батыры Б.Момышұлының есімі берілді. 2011 жылдың 26 шілдесінде оқу мекемесінің жүйесін жетілдіру мақсатында, ішкі істер органдарының кадрларын Қазақстан Республикасының Үкіметінің №855 Қаулысымен заң колледжі базасында Қазақстан Республикасы ІІМ Оқу орталығы құрылған болатын.

Б.МОМЫШҰЛЫ ШЫМКЕНТТЕ ОҚЫҒАН

Бауыржан Момышұлының өмірдегі Шымкент қаласымен байланыстыратын тағы бір тағдыр сызығы бар. Мүмкін, Шымкенттің батырды мұнша жақсы көруінің себебі де сол ерекшелік болар. Ол туралы сөз қозғамас бұрын, батырдың өмірдегі тағы бір көз жүгірте өткен жөн шығар:

Бауыржан Момышұлы 24 желтоқсан 1910 жыл - 10 маусым 1982 жылдар аралығында өмір сүрген. Кеңес одағының батыры, жазушы, Екінші дүниежүзілік соғыстың даңқты жауынгері, әскери қолбасшы, стратег және тактик. 1941 жылдың қарашасынан бастап Батыс майданындағы 16 армияның 8-гвардиялық Қызылту атқыштар дивизиясы 1073 атқыштар полкінің Гвардия полкі және батальон командирі. Ұлы Отан соғысына генерал-майор И.В. Панфилов басқарған әйгілі дивизиясының құрамында 1941 жылдың қыркүйек айынан бастап қатысты.

Батальон командирі ретінде аға лейтенант Бауыржан Момышұлы Мәскеу үшін шайқаста 27 рет ұрысқа қатысты. 1941 жылдың 16-18 қараша күндері вермахтың Мәскеу бағытында екінші мәрте жасаған жорығы кезінде аға лейтенант Момышұлы басқарған батальон дивизиядан қашықта, Матронино деревнясының жанында Волоколамск тас жолында асқан ерлікпен ұрыс жүргізді. Білікті комбаттың басшылығы арқасында 3 күн бойы фашистер шабуылын тойтарып, батальон үлкен шығынсыз, ұрысқа қабілетті жағдайда қоршаудан ышағады. Бауыржан Момышұлы – әскери педагогика мен әскери психологияны байытушы баға жетпес мұра қалдырған дара тұлға. Оның атақ, даңқы, батырлығы А.Бектің «Волоколамск тас жолы» атты кітабында суреттелді. Кітап неміс, чех, еврей, ағылшын, француз, т.б. шет тілдеріне аударылды. Соғыстан кейін Бауыржан Момышұлы Совет Армиясы Бас штабының Жоғары әскери академиясы бітіреді. Әскери-педагогикалық жұмыспен айналысып, Совет Армиясы әскери академиясында сабақ береді.

Ел тәуелсіздік алғаннан кейін Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті Н.Назарбаевтың жарлығымен оған «Халық қаһарманы» деген атақ берілді.



Бұл интернет білетін кез-келген қазақтың желіні ақтара қалса алдынан шығарып беретін wikipedia.org ашық электронды энциклопедиясының дерегі. Енді осының Шымкентпен үйлесетін тұсы қай жер дейсіз бе? Оның балалық шағы ғой.

Бауыржан Момышұлы туған Жуалы өңірі соғысқа дейінгі кезеңде орталығы Шымкент қаласы болған Оңтүстік Қазақстан облысына берілген. Сондықтан болар, бала Бауыржан жасы он төртке шыққан шағында Шымкентке келіп білім алыпты. Ол алдымен 1921 жылы бастауыш класты оқуға Асадағы интернатқа түседі. 1924 жылдан бастап жеті жылдық мектепті Шымкент қаласында оқиды. Бұл сол өңірдегі 1924 жылы ашылған алғашқы жетіжылдық мектеп болатын. Бауыржанмен бір сыныпта қазаққа аты мәлім Әбділла Тәжібаев пен Құрманбек Сағындықовтар оқиды. 1928 жылы мектепті үздік бітірген соң Орынбор қаласындағы Қазақ Педагогикалық институтына оқуға түседі.

Бауыржан Момышұлы оқыған мектеп

бүгінде Кеңес Одағының батыры Қарсыбай Сыпатаев атындағы №7 мектеп-лицей деп аталады. Мектепке бара қалсаңыз, мектептің сол жақ қапталындағы оқу ғимаратының қабырғасында осы жерде Б.Момышұлы оқығаны туралы ескерткіш тақта орнатылған. Міне, бұл **ескерткіш тақта** – батырдың Шымкент қаласында орнатылған **ҮШІНШІ ЕСКЕРТКІШІ** десе болады.

Қарсыбай Сыпатаев атындағы мектеп-лицейі ең алғаш 1918 жылы ұйымдастырылып, ашылған. Бұл жағынан мектепті қаладағы ең көне мектептердің қатарына жатқыза болады. 1918 жылы мектеп алғаш ашылған кезде 1 мұғалім 22 оқушыға дәріс берген екен. 1920 жылы мектепке А.С.Пушкин аты берілді. 1921 жылы №1 «Қырғыз коммуна мектебі» болып қайта құрылады. Бауыржан Момышұлының шәкірт болып мектеп табалдырығын аттайтын кез осы тұс. 1928-1935 жылдары мектеп ғимараты Совет (қазіргі Қазыбек би) көшесі №5 үйде орналасты. 1935 жылы 7 жылдық орта мектеп болып қайта құрылды. 1936 жылы Коммунистік (қазіргі Тәукехан) даңғылындағы «Оңтүстік Қазақстан» газеті редакциялық үйіне көшірілген. 1937-1938 жылдары мектеп 10 жылдық қазақ орта мектебі болады. 1943 жылы мектепке майданда өшпес ерлік көрсеткен Кеңес Одағының батыры Қ.Сыпатаев есімі беріледі. Мектеп 1948 жылы Ф.Тоқаев көшесіндегі №17 үйге көшті. 1947-1951 жылы Қазақ ССР Орталық комитетінің бірінші хатшысы Шаяхметовтың қамқорлығымен мектеп жанынан интернат ашылды. 1962 жылы мектеп Ленин (қазіргі Республика) даңғылындағы №3 оқу ғимаратына көшіріледі. Ал, 1978-1979 жылдары мектеп жанынан 500 орындық қосымша мектеп құрылыс жүйесі жүзеге асырылды. **1990 жылы мектепте Б.Момышұлына арналған мемориалдық тақта орнатылды.**

БАТЫР МҰСІНІНІҢ ҚАРАҒАН КӨЗІ ӨҢМЕНИҢНЕН ӨТЕДІ

Шымкент қаласында Бауыржан Момышұлына қатысты тағы басқа да нысандар бар. Оның қатарында бір ғана Еңбекші ауданы аумағында екі бірдей мектеп Б.Момышұлының атымен аталады.

Оның біріншісі – 2017 жылы қала аумағының ұлғаюымен Шымкентке Төлеби ауданынан қосылған **№120 Б.Момышұлы атындағы орта мектеп**. Мектептің қазіргі орналасқан мекен-жайы: Шымкент қаласы, Еңбекші ауданы, Тоғыс тұрғын үй алабы, Керуен сарай көшесі №2В үй. Қазіргі таңда мектеп директоры Абылбаева Васила Ибрагимқызы. Бұл жалпы орта білім беретін мектебі 1947 жылдан бастап қызмет етіп келеді. Бүгінде мектепте 166 педагог қызмет етсе, 2 мыңға жуық бала білім алып жатыр.

Екінші мектеп – **Б.Момышұлы атындағы №44 жалпы орта мектеп**. Бұл жалпы орта мектебі 1973 жылы қазақ және орыс мектебі болып ашылған. Орналасқан жері: Шымкент қаласы, Еңбекші ауданы, Сапарбаев көшесі, 206/11 үй. Пайдалануға 1973 жылы берілген, мектеп жалпы 1200 орындық.

Шымкент қаласының аумағында орналасқан **Бауыржан Момышұлының ҮШІНШІ МҰСІНІ** – осы №44 мектептің ауласында орналасқан.

Бұл мүсін батырдың кеудесіне дейін бейнеленген бюст түрінде тұр. Мүсінге қарап, мүсіншінің нағыз өнер несі екенін ұғасын. Батырдың сұсты жанары сырттан қарап тұрған кісінің өнменнен өтеді. Шынайы бейнелеп, авторлар батырдың бейнесіне сендіре алған.

Бюст Қордайдың қызыл гранитінен қашалған. Тұғыры – бетонды материал. Бюсттің биіктігі 1,65 метр, тұғырының биіктігі – 2,3 метр. Жалпы, мүсіннің барлық биіктігі 6 метрге таяу.

Шымкент қаласының Қайтпас, Қатынкөпір, Тоғыс, Маятас секілді шеткі аумақтарында орналасқан тұрғын алабында Бауыржан Момышұлы атымен аталатын басқа да көшелер бар.

С. ДҮЙСЕБАЙҰЛЫ

СЕЗІМ МЕН СЕНИМ: ЕРЕКШЕ ЖАНДАРДЫҢ ЕРЕКШЕ МАХАББАТЫ

Өмірде кездескен кейбір кедергілерге қарамастан шынайы махаббат пен мықты ерік-жігер үлгісін көрсеткен жұптардың бірі – Никита Васильев пен Айзада Сейдан. Екеуі де – туғанынан мүмкіндігі шектеулі жандар. Әлеуметтік желіде «Erekshe_otbasy2» деген атпен танылған ерлі-зайыптылар бүгінде қандай жағдай болмасын, бақытты отбасы құруға болатынын дәлелдеп жүр. Өмірдің әр сәтінен қуаныш таба білген бұл жұп отбасылық өмірді осыдан екі жыл бұрын бастаған. Қазіргі таңда Шымкент қаласында тұрады.

Никита Васильевтің ұлты орыс болса, да діні мұсылман. Азан шақырып қойған есімі – Нұрмұхаммед. 2023 жылы кіші қажылыққа барып, мұсылманның бес парызының бірін өтеп келді. Негізі Семей қаласының тумасы. Десе де балалық шағы Түркістан облысы Төлеби ауданына қарасты Ленгір қаласында өтіпті. Ал Айзада болса Түркістан облысы Сарыағаш қаласында туып-өскен. Екі жас Кентау қаласындағы арнаулы кәсіптік колледжде танысып, сол жерде болашаққа деген нық қадамды қол ұстасып, бірге жасауға бел буыпты.

«Бір-бірімізге «сіз» деп сөйлейміз...»

Өмірге деген көзқарасымен, бір-біріне деген сүйіспеншілігімен көпшілікті өзіне тәнті ете білген бұл ерекше жұп біздің қойған сұрақтарымызға да ашық әрі шынайы жауап берді. Нәтижесінде қызықты әрі есерлі әңгіме өрбіді. Әңгіменің әлқиссасын ашық мінезді Айзада бастады.

– Алдымен таныстықтарыңыз туралы әңгімелеп беріңіздерші. Бәрі қалай басталды?

Айзада: Біз Кентау қаласындағы арнаулы кәсіптік колледжде таныстық. Күйеуім «Есеп және аудит» мамандығын меңгерген болса, мен тігіншілікті таңдадым. Мен колледждің бірінші курсына түскен кезде жолдасым үшінші курс студенті еді. Екеуміз көрші бөлмеде тұрдық. Алғашқы кезде бір-бірімізді танымаған соң сәлемдеспейтін де едік. Бірақ колледжде өткен кезекті іс-шаралардың бірінде өзара жақын танысып, жақсы сөйлесіп кеттік.

Сол кезде үшінші курстың қыз-жігіттерінің біразымен жақын араласып жүретінмін. Жасым үлкен болған соң мені барлығы «әпке» дейтін. Бірақ жолдасым ғана ешқашан «әпке» демейтін, «көрші» деп сөйлейтін. Уақыт өте келе біз бір-бірімізге ашыла бастадық. Дос болып, көрген жерде күліп-ойнап, әзілдесе кететінбіз.

Олардың бөлмелерінде тек ұлдар тұратын болғандықтан кейін шығар, әйтеуір өте шулы болатын. Тарқылдап күліп, айқайлап әңгіме айтып жататын. Органы бір қабырға ғана бөліп тұрғандықтан ол дауыстар бізге қатты естілетін еді. Сондай кездері «Шуламандаң!» деген белгі беріп, ортадағы қабырғаны тоқылдатамын. Керуеті мен жатқан тұстағы қабырғаның дәл ар жағында орналасқан жолдасым да қарап қалмайды, жауап ретінде ол да тоқылдатады. Мен қайта тоқылдатамын, ол да қалыспайды. Сөйтіп жүріп бұл ойынға айналып кетті. Мен тоқылдатсам, жауап ретінде ол да дереу тоқылдататын болды. Бұл біздің достығымызды одан сайын күшейте түсті.

Арада біраз уақыт өтіп, бәріміз жазғы демалысқа кетеміз. Сол аралықта екеуміз бір оналту орталығына бір уақытта баруды жоспарлап, сол жақта 28 күн бойы бірге ем алдық. Міне, сол жерде ол алғаш рет маған өз сезімін білдірді. Оған дейін оны тек көрші, дос ретінде санап жүрген мен сол сәтте не дерімді білмедім. «Дәл қазір не айту керек екенін білмеймін, не «Иә», не «Жоқ» дей алмаймын, барлығын бір Аллаға тапсырайық, алдымызда не барын Алла өзі көрсетер», – дедім де қойдым. Ол сол тұста өзін сынап көргісі келетінін айтты. «Көріңіз, бірақ мен сізге ештеңе айта алмаймын», – дедім тағы да. Осыдан кейін жолдасымның жігіттік қадамдары басталды.

– Араларыңызда жас айырмашы-

лығы бар екен. Бұл өзара қарым-қатынаста қаншалықты байқалады?

Айзада: Иә, екеуміздің арамыз бес жас. Жолдасым 2003 жылғы болса, мен 1998 жылы туылғанмын. Бірақ бұл нәрсе өзара қарым-қатынаста еш байқалған емес. Рас, біз бір-бірімізге «сіз» деп сөйлейміз. Сол танысқан күннен бастап әлі күнге дейін солай жалғасып келе жатыр. Ол менің үлкен болғандығымнан емес, екеуара құрметтен туындаған сыйластық деуге болады. Ал сыйластық – махаббат атты үлкен күштің маңызды бір бөлігі. Сыйластық бар жерде бақыт та, түсіністік те, қамқорлық та, сабырлық та болады.

Нұрмұхаммед: Жасқа байланысты қатты бір мәселе бар деп айта алмаймын. Бізде бәрі ойдағыдай. Жас алшақтығы бізге еш кедергісін келтірген емес.

– Нұрмұхаммед, сіз қазақшаны қай-дан үйрендіңіз?

Нұрмұхаммед: Менің ортам – қазақтар. Қазақ тілінде білім алдым. Мектепте де, колледжде де қазақша оқыдым. Жалпы, мен қазақ тілін бес жасымнан бастап меңгерген адаммын.

– Сізді көпшілік Никита деп атай ма, әлде Нұрмұхаммед дей ме?

Нұрмұхаммед: Көпшілік Нұрмұхаммед деп атайды, ескі таныстар ғана Никита дейді, өйткені олар солай үйреніп қалған. Ал әйелім Нүрекем дейді.

– Айзада, Нұрмұхаммед сізді қандай қасиеттерімен баурап алды?

Айзада: Бір сөзділігімен, қамқорлығымен баурап алды десем болатын шығар. Ол оқуды тәмамдап, Шымкент қаласына кеткен кезде мен әлі колледже оқитынмын. Ол Шымкентте, мен көбіне Кентауда не Сарыағашта боламын. Содан: «Енді екеуміз екі қалада боламыз, бұдан былай бір-бірімізбен көрісуіміз де сирейтін шығар», – деп едім, ол: «Егер сіз қаласаңыз мен сізге әр апта сайын келіп тұратын боламын», – деп жауап берді. Алғашында оның бұл сөзіне сенген жоқпын, жай ғана асыра сілтеп айтып тұрған болар деп топшылады. «Апта сайын ақша құртып екі ортада кім жүреді?» деп ойладым ішімнен. Бірақ, сенесіз бе, ол сол сөзінде



тұрды. Шынында да Нүрекем біз үйленіп кеткенше әр апта сайын маған келіп тұратын. Сол кезде де дәл қазіргідей түнгі ауысымда жұмыс істейтін. Әр сенбі не жексенбі күні түнгі ауысымнан шыға салып маған келеді, екеуміз бірге қыдырамыз. Алдымен кафеге барып тамақтанамыз, ол жерден шығып біраз серуендейміз, маған тәттілерін алып береді. Содан соң кешкісін Шымкентке кері қайтады. Кері қайтып, түнгі ауысымдағы жұмысына қайта барады. Осылайша екі күн ұйықтамай жүре беретін.

Бұл қасиеті мені шынында да таңдандырмай қоймады. Ойлаңызшы, қақаған қыста да, шыжыған жазда да, ақшасы бар кезде де, ақшасы жоқ кезде де, тіпті қатты ауырып, мазасы кетіп жүрген уақыттары да ештеңеге қарамай келе беретін. Дәл осылай бір жылдан астам уақыт екі ортада үзбей қатынап жүрді. Тек мен өзім шыға алмайтын болып, кездесе алмайтынмызды айтқан кезде ғана амалсыз қалып қоятын. Бір жылда 4-5 рет сондай жағдай болған шығар. Қалған уақыттары бізде апта сайын кездесу еді. Ал ол кезде біз әлі қыз бен жігіт болып жүріп бастамаған да едік, тек сөйлесу кезеңінде жүрдік. Сөйте тұра ол сөз берді және сол сөзінде соңына дейін

тұрды. Осыдан кейін де мен оған шынайы сендім.

Екіншіден, ол өзінде қандай қиындықтар, мәселелер болып тұрса да, ең алдымен менің мәселемді шешіп беретін. Мені қуанту үшін бүкіл ақшасын, энергиясын, бүкіл күшін жұмсайтын. Мен мұны оның маған деген ерекше қамқорлығы деп түсіндім. Осылайша ол менің, мен оның көңілінен шыға бастаған кезде ғана «Менің өмірлік жолдасым шынында да осы адам шығар?» деген ой келе бастады. Міне, осының бәрі менің оны таңдауыма, оған тұрмысқа шығуыма тағы бір себеп болды. Мен айтар едім, бізді қосқан – сезім мен сенім.

«Шаңырақ көтеруімізге Нұрмұхаммедтің батылдығы себеп болды»

– Үйленуге деген шешімді қашан және қалай қабылдадыңыздар?

Айзада: Біз 2023 жылы көктемде шаңырақ көтердік. Жолдасым үйленбей тұрып «Ата-анаммен қашан танысамыз? Қашан үйленеміз?» деп жиі айтып жүрді. «Алла нәсіп еткен кезде үйленеміз», – дейтінмін. Нүрекенді үйдегілер сырттай білетін. Ол маған келіп-кетіп жүрген кезде ата-анаммен амандасатын. Бірақ: «Мен осы жігітке тұрмысқа шыққалы жатырмын», – деп айтқан емес едім. Себебі әлі уақыт келген жоқ деп ойлап жүрдім. Оның үстіне оқуымды бітіруім керек деген ой болды.

Біздің шаңырақ көтеруімізге Нұрмұхаммедтің батылдығы себеп болды. Ол анамның телефон номерін сұрап алған болатын. Бір күні ол: «Сіздің ата-ананыңызбен сөйлестім, пәлен күні пәлен жерде кездесетін болдық», – деп хабарласты. Одан бір күні: «Ата-ананыңызбен кездесуге бара жатырмыз», – деп тағы хабарласты. Бұл мамыр айы болатын. Сөйтсем сол кездесуде олар маусым айына беташардың, одан сәл ертерек ұзату тойының күнін келісіп келіпті. Аузым ашылып мен жүрмін. Көп ұзамай ұзату тойын да, беташарды да ойдағыдай өткізіп алдық.

– Демек, сіздер отбасын құрарда ата-ана тарапынан ешқандай қарсылықтар болған жоқ қой?

Айзада: Ата-анам барлығын дұрыс қабылдады. Олардың тарапынан ешбір қарсылық болған жоқ. Қандай ата-ана болмасын, өз перзентінің мейлі дені сау адаммен болсын, мейлі тағдырлас жанмен болсын, тек қана бақытты болғанын қалайды. Менің ата-анам да солай ойлайды.



– Ал жалпы отбасыда неше баласыздар?

Айзада: Біз үйде үш баламыз. Мен үйдің кенжесімін, менен үлкен ағам мен әпкем бар. Ал жолдасым балалар үйінде тәрбиеленген.

– Үй болған соң ыдыс-аяқ сылдырламай тұрмайтыны анық. Сондай кездері не істейсіздер? Мәселені қалай шешесіздер?

Айзада: Әрине, ұрыстар болады. Тіпті, үйленбей тұрып та қызғаныштан, түсінбеушіліктен туған ұрыс-керістер болатын. Бірақ, біз ұрысты әдемі, көркем түрде шешуге тырысамыз. Мен сол үшін бұл кісіге өте риза боламын. Ұрыс-керіс дегенде бір-бірімізге дауыс көтеріп, «Сен неге өйттің? Сен неге бүйтесің?» – деп айқайлап, ұрыспаймыз. Ешқашан олай болмаған. Арада түсініспеушіліктер орын ала қалса отырып сөйлесеміз. Сол жерде ол менің, мен оның қателігін айтамын. Бір-бірімізді тыңдаймыз.

Жалпы, менің табиғатым солай, біреумен айқаласып, бажылдасып ұрыспаймын. Ақырын сөйлеп отырып-ақ айтарымды айтып тастай алатын адаммын. Күйеуімнің де мінезі дәл сондай. Ол да айқай-шусыз, бәсең дауыспен сөйлеп отырып барлығын жетер жеріне жеткізіп тұрып, түсіндіріп тастайды. Сонында жасаған қателіктерімізді келесіде қайталамаймыз деп келісімге келеміз және сол сөзімізде тұрамыз.

Содан соң арамызда қандай жағдай болса да, осыған дейін «Болды, осымен қоя салайықшы» деген сөз ешқашан аузымыздан шыққан емес. Бұл да бір-біріміздің алдымыздағы жауапкершілікті сезіне білгендігімізден шығар. Отбасы деген – құндылыққа толы, сүйе білуді үйрететін ұғым. Көбісі отбасы болғанымен оның ішкі құндылығына әсте жете бермейді. Жарыңның сезімін, оның іштей уайымын жүрегіңмен сезе білу де бір өнер. Көңілің құлазып, жан дүниенді ақтарар адам болмағанда отбасының болғаны қандай жақсы.

Нүрекеннің маған ұнайтын тағы бір қасиеті бар: ол ешқашан бейәдеп сөздер айтпайды. Менің әкем де сондай. Қыз баласының көзінше боктанып, қалай болса солай сөйлеп тұратын жас жігіттерді, не болмаса үлкен кісілерді көргенде «Менің болашақ жарым ешқашан бұлай сөйлемейтін болады» деп жиі айтатынмын. Адам шынайы сұраса, Алла сол тілекті қабыл етеді екен, қалағанымдай жұбайым анайы сөздерден ада. Қыз баласының алдында, жалпы қай жерде қалай сөйлеу керек екенін жақсы біледі. Үйленбей тұрып та, үйленген соң да сол қалпынан айныған жоқ. Бөтен адамдардың көзінше де жинақы, салмақты сөйлеуге тырысады. Менің оны тандауымның тағы бір себебі осында жатыр.

«Қандай істе болмасын тәуекел ете білу керек...»

– **Айзада, жаңа өмірге қадам басып бара жатқанда өзіңізде қандайда бір қорқыныштар болмады ма?**

Айзада: Әрине, қыз баласы болған соң кішігірім қорқыныш, аздаған қобалжулар болды. Бірақ мен Аллаға тәуекел еттім. Сөйтіп қол ұстасып, жаңа өмірге қадам бастық.

Жалпы, екеуміз де бір-бірімізді қалай бар, солай қабылдай алған жандармыз. Өмірлік сынақтар берілсе де, «Сенде мен бармын, менде сен барсың» деген түсінік қалыптасқан. Екеуміздің де дертіміздің бары айдан анық, байқағаныңыздай екеуміз де арбада отыратын жандармыз. Біздікі тума пайда болған, менікі аяқтан, жолдасымдікі омыртқадан пайда болған дерт. Сол үшін «Ертеңгі күні бір-біріміздің қыңқыл-сыңқылымызға шыдай аламыз ба? Бір-біріміздің дертімізді көтере аламыз ба?» деген сұрақтарға үйленбей тұрып жауап алдық. Сол кезде де жолдасым барлығын жақсы



қабылдап, жан дүниемді түсіне білді.

Осы жерде бір құпиямен бөлісе кетейін, тамақ істеуді, өзге де үй шаруаларын тұрмыс құрған соң ғана үйрендім. Қазіргі таңда жолдасым екеуміз жеке тұрамыз. Сонымен қатар, бізбен бірге Кентауда бір колледжде оқыған отбасылық құрбымыз да тұрады. Ол қыз біздің мобилографымыз десек те болады. Әлеуметтік желіде шығып жатқан түрлі видеоларымызды сол құрбымыз түсіреді.

– **Отбасы болып, бас қосқаннан кейін қандай кедергілер кездесті?**

Айзада: Бізде пәтер іздеу кезінде біршама қиындықтар орын алды. Көшуге үй іздеп жүрдік. Бір күні ойдағыдай пәтер табылды, бірақ сол үйге кіре жолда үш баспалдақ бар екен. Жылағым келді. Тағы бірде бір пәтерге орналасқымыз келді. Сөйтсек ол үйде жеделсаты дұрыс жұмыс істемейді екен. Жиі тоқтап қалатын көрінеді. Үй небәрі үшінші қабатта болса да бізге мініп-түсу қиын болатын болды. Ұнжырғамыз түсіп, ол пәтерден амалсыз бас тарттық.

Одан кейін бір жағдай болды. Бір пәтерді хабарландырудан көріп, ұнаттық. Барып көрген күні үй иесі түрімізге қарады да, «Мен сіздерді алмаймын» деп бірден айтты. Яғни, біздің жағдайымыз үшін бізге пәтерін жалға беруден бас тартты. Сондай кездері көңіл-күйің түсіп, іштей кіжініп қалатын сәттер де болады. Дегенмен Алла өзі қайырлысын жасайды екен. Сөйтіп жүргенде бір пәтер таптық. Үй иесі: «Үй бос, барып көре беріңіздер», – деді. Барып қарадық. Үш бөлмелі, пәтеракысы да бізге қолайлы. Көңілімізден шықты. Сөйтіп ертеңіне бірден көшіп алдық.

Бұл жайттан түйгеніміз, адам қандай жағдай болмасын, өмірден түніле бермей, бәріне сабырлық ете білу керек екен. Сонда бәрі онынан болады. Бізге қарағанда Алланың жоспары жақсырақ.

– **Инстаграмда, Тик-Токта отбасылық әзілдер салып, парақша жүргізесіздер. Youtube каналдарыңыз да бар екен. Мұндағы мақсат өзгелерге ой салу ма, әлде жай ғана адамдардың көңілін көтеру ме?**

Нұрмұхаммед: Осы жерде мен жауап бере кетейін. Бұл жерде бір ғана мақсат бар, ол – адамдардың көңілін

көтере отырып, көпшілікке ой тастау, сол арқылы кейбір қарапайым тақырыптарды өзгелерге түсінікті тілде жеткізу. Әрине, контент түсіру де оңай жұмыс емес. Оның да ар жағында қаншама еңбек жатыр. Бес секундтық видео түсіру үшін де біраз тер төгуге тура келеді. Сондықтан түбінде осы еңбегіміздің жемісін жесек дейміз, яғни біраз аудитория жиналып, тұрақты оқырмандарымыз пайда болғаннан кейін парақшамызды табыс көзіне айналдырсақ деген ой да жоқ емес. Дегенмен барлығы уақыт еншісінде.

– **Жас отбасыдан енді үйленгелі жүрген жастарға бір кеңес болсыншы. Шаңырақ көтергелі жатқан жастарға қандай кеңес айтар едіңіздер?**

Нұрмұхаммед: Адам қызбен танысқан кезде қандай болды, отбасы болған соң да сондай қалыпта қалу керек деп ойлаймын. Яғни ешқандай бетперде киюдің қажеті жоқ. Әу баста қандайсың, кейін де сондай бол. Сол кезде жанұяда өзара түсініспеушіліктер, ұрыс-жанжалдар аз болады. Мысалы біреулер үйленбей тұрып, қызына жиі-жиі сыйлық беріп тұрады да, үйленген соң оның барлығы тоқтайды. Ал неге соны үйленген соң да жасамасқа? Басында сол сыйлықтармен қыздың жүрегің жаулаудың ғой, енді үйленген соң не өзгерді?

Жалпы, адам өзінің шынайы қалпында қалуы тиіс. Үйленбей тұрып өзіңді ерекше керемет етіп көрсетудің қажеті жоқ, өз болмысында қал. Сонда үй болғаннан соң ешқандай көңіл қалушылықтар орын алмайды.

Айзада: Менің ойымша, барлығын Аллаға тапсырып, қандай істе болмасын тәуекел ете білу керек. Сонда Алла өзі жеңілдігін береді. Мен өзім солай тұрмыс құрған адаммын. Сондықтан басқаларға да осылай кеңес берер едім. Бақыт деген жай ғана ойнап-күлу немесе ақшалы болу емес, бақыт деген болашағыңды тапсыра алатын, сені жан-тәнімен түсіне алатын, өзіңді оның жанында мықты сезіне алатын жанды таба алу.

– **Нұрмұхаммед, Айзада, уақыт бөліп, сұхбат бергендеріңіз үшін көп рахмет! Отбасыларыңызға береке, істеріңізге сәттілік тілеймін!**

Сұхбаттасқан М.ЫБЫРАЙ

Көзқарас

БІРЕУДІ ТӨМЕНДЕТПЕЙ-АҚ ЖАҚСЫЛЫҚ ЖАСАУҒА, МЕЙІРІМДІ БОЛУҒА БОЛА МА?

Соңғы 2-3 айда қайдан шыққанын білмеймін, бірақ қазақша әлеуметтік медида мектеп оқытушысы, мектепте еден жуушы боп еңбек ететін кісі мен оқушылардың оған берген шоколады жайында видеолар көптеп тарай бастады. (Бәлкім осыған ұқсас бейнероликтер өзге елдерде де жасалған шығар, бірақ мен көрмедім).

Бұл бейнероликтердің сценарийі бір-біріне ұқсас: оқытушы, еден жуушы әйелді сыныпқа шақырып алады да «мына жерді сұрт», «мына жерді жу», «мына жерді сыпыр» деп оқушылардың көзінше бұйрық береді. Еден жуушы әйел еш қарсы келместен аласұрып оқытушының айтқанын жасай бастайды. Сонан соң оқытушы әйелдің көзін байлап, қолын жайғызды. Сол кезде оқушылар сөмкелерінен бір-бір шоколад алып, әйелдің жайылған алақанының үстіне қояды. Еден жуушы көзіндегі байлауды шешкен соң жылайды. Осылайша мектеп оқушылары мен оқытушысы еден жуушы әйелге рахметтерін айтып «мәз» қылады. Еден жуушы (кейде жылап отырып) балаларға батасын береді. Ерсі әрі адамгершілікке сыймайтын контент.

Алғаш көргеннен тіксіндім және «Осынау ерсі контентті қалыптастырған ментал әрі психологиялық жағдай не?» деп өзіме қайта-қайта сұрадым. Менің ойымша бұның себебі – капитализм. Капитализмнің экономика түсінігіндегі аяусыздығын бір жаққа қоя тұрайық, екінші бір маңызды проблемасы адам баласын адам болудан шығаратынында жатыр. Жоғарыда айтылған бейнероликтегі контентті ойлап тапқан адам болсын, бұл контентті «қызықты», «керемет» деп бағалаған «ақыл» болсын, капитализмнің осынау екінші маңызды проблемасына қармалып қалғандық-ау деп ойлаймын.

Контент ерсі әрі адамгершілікке сыймайды, өйткені бұл контентте кемсіту бар. Бәлкім бұл видеоны түсіргендер «Балаларымызға қайырымды болуды үйреттік» деп уәж айтатын шығар, бәлкім «еден жуушыны қуанттық» деп ақталар. Бірақ, адам болудан шығуды бәсеке тігіп, игі іс жасау мүмкін емес. Игі істі біреуді төмендету арқылы, оның көзін жауып, алақанын ашқызып жасау мүмкін емес және адамгершілікке сыймайды, айып етпеңіздер. Балаларға мейірімді болуды үйретудің жолы да бұл емес! Өйткені адам ойлап тапқан құндылық (немесе Құдай берген құндылық) кез келген адамға, жанға, тіршілік иесіне еш нәрсені бетіне баспастан, еш нәрсені күтпестен жақсылық жасауды (мейірімді болуды) міндеттейді. Мейірімді болу дегеніміз – ешкімнің қадірін түсірмей, шынайы жанашырлық таныту.

«Қойындысы, ондай пиғылымыз жоқ еді» дейтіндер шығатын болар. Оларға бір ғана сұрағым бар: «Дәл осы сценарийді мектеп директорына жасай аласыз ба? Мектеп директорын шақырып, оқушылардың көзінше мектептің кейбір мәселелерін ашық түрде айтып, бұл мәселелерді шешіп беруін бұйырып, артынша оның көзін байлап, алақанын ашқызып, оқушыларыңызға шоколадтарын ашқан алақанына қойғыза аласыз ба?». Жауабыңыз «иә» болса, мен қойдым, расында да ондай пиғылыңыз жоқ екен. Ал егер жауабыңыз «жоқ» болса, айып етпеңіз ондай пиғылыңыз болмаса да, капитализмнің құрығына түсіп, адам болудан шыға бастаған болуыңыз мүмкін. Соншалықты капиталист бола бермеңіз.

Тым болмаса еден жуушы жылаған болса оның көз жасының қуаныштан болумен қатар, алған стресінен кейін келген психологиялық жағдайынан туындаған болуы мүмкін екенін ойланыз.

Балалар мен адамдарға мейірімді болуды үйретудің ең жақсы жолы – оларды шынайы жанашырлық пен құрметке тәрбиелеу деп ойлаймын.

Сіз мейірімділікті не деп түсінесіз және оны қалай үйретер едіңіз?

Молдияр ЕРГЕБЕКОВ

Қазақ әдебиетінің айшықты тұлғаларының бірі, ұлт рухының жыршысы Ілияс Есенберлиннің туғанына биыл 110 жыл толып отыр. Ол – қазақтың тарихын, болмысын және рухын көркем сөзбен өрнектеп, ұрпаққа мұра қалдырған ұлы жазушы. Оның есімі қазақ әдебиетінің алтын қорында мәңгілік сақталып, шығармалары еліміздің мәдени-рухани казынасының ажырамас бөлігіне айналды.



ҚАЗАҚ ТАРИХЫНЫҢ ЖЫРШЫСЫ – ІЛИЯС ЕСЕНБЕРЛИН

1915 жылы Қарағанды облысының Жезқазған өңіріндегі Атбасарда дүниеге келген Ілияс Есенберлин өмір жолында түрлі қиындықтарды бастан өткерді. Оның балалық шағы жетімдіктен басталды, бірақ бұл оның рухын сындыра алмады. Табандылығы мен білімге деген құштарлығы оны әрдайым алға жетеледі. Еңбек жолын қарапайым жұмысшы ретінде бастаған ол өмірдің ашы-тұщысын көріп, халқымен бірге тағдырдың талай сынын бастан кешірді. Есенберлиннің ең жарқын мұрасы – оның тарихи романдары. Әсіресе, оның «Көшпенділер» трилогиясы қазақ халқының сан ғасырлық тарихын бейнелейтін көркем шығармалардың шыңы болып табылады. Бұл шығармада ұлттың тағдыры, азаттық үшін күресі және тарихи тұлғалардың ерлігі суреттелген. «Көшпенділер» трилогиясы миллиондаған оқырмандардың жүрегіне жетіп, қазақ әдебиетінің әлемдік деңгейде танылуына жол ашты.

Сонымен қатар, оның «Алтын Орда» трилогиясы да ұлы мемлекет тарихын көркемдікпен баяндайды. Бұл шығармалар арқылы Есенберлин ұлт рухын оятып, өткеннің асыл мұрасын жаңғыртты. Ілияс Есенберлин тек жазушы ғана емес, халықтың рухани жетекшісі болды. Оның шығармаларынан ұлттық бірлікке, ерлікке, әділдікке деген ұмтылыс анық сезіледі. Жазушының әрбір туындысы – тарихи шындық пен көркемдік шеберліктің үндестігі. Ол ұлт тарихының терең қатпарларын аша отырып, оқырманды ойлануға, ата-баба мұрасын құрметтеуге шақырды.

Бүгінде Ілияс Есенберлиннің еңбектері қазақ халқының мәдени мұрасының ажырамас бөлігіне айналған. Оның шығармашылығы мектеп бағдарламаларына енгізіліп, түрлі сахналық қойылымдар мен фильмдерге арқау болды.

Жазушының 110 жылдық мерейтойы – оның шығармашылығын жаңғыртуға, жас ұрпаққа мұра етуге тамаша мүмкіндік. Ілияс Есенберлин – қазақ рухының шамшырағы, ұлттық сана-ның оятушысы. Оның қаламынан туған әрбір шығармасы – ұрпаққа аманат. Сондықтан оның рухани мұрасы әрқашан ұлықталып, кейінгі ұрпақтың санасында мәңгі сақталары сөзсіз. Жазушының 110 жылдық мерейтойы – оны ұмытпай, есімін жадымызда сақтаудың жарқын үлгісі.

Бағлан ТАШИМОВ

Архивті ақтарғанда

ӨМІРІНІҢ ҚЫРЫҚ БЕС ЖЫЛЫН ӨНЕРГЕ БАҒЫШТАҒАН МАЙДАНГЕР

Ұлы Отан соғысы Жеңісіне биыл 80 жыл толады. Бұл тарихта мәңгілік қалатын, кеңес халқының ержүректілігі мен төзімділіктерін паш ететін күн. Ұлы Жеңістің 80 жылдығы қарсаңында елі мен жері үшін, адамзат бақыты үшін күрескен ата-бабаларымыздың жеңіске жету жолындағы ерлік істеріне тарих куә. Соғыс ардагерлері ұрыс даласында ерліктің, табандылықтың зор үлгісін көрсетіп, өмір-өлім өткелінен өтіп, елге Жеңіс әкелді. Бүгінде әрбір ардагеріміз біз үшін тұнып тұрған тарихтың көзі екенін ұмытпауымыз қажет. Күн санап, казыналы қарттарымыздың саны азаюда. Біздің Түркістан облысының қоғамдық-саяси тарихының архивінде 199 қор «Ұлы Отан соғысы ардагерлері» коллекциясы сақталуда. Солардың бірі – Иманқұлов Исхак Бекбауұлы.

Исхак Иманқұлов – Ұлы Отан соғысына қатысқан жалынды жауынгер, театр өнер саласының майталманы, ел азаматы. Ол 1915 жылы Солтүстік Қазақстан облысы, Шалақын ауданы Ибраев ауылында туылған. Ұлты – қазақ, білімі – орта арнаулы. Қарағанды театр студиясын 1934 жылы бітірген. Театр студиясын бітірген соң Қарағанды, Атырау облыстық театрларында актер болып қызмет істейді. Ал 1941 жылы әріптестерімен бірге соғысқа аттанады. Қиыр Шығыс майданында 26 атқыштар бригадасының атқыштар бөлімінде командир болады. Ол осы бригадада әскери көркемөнерпаздар ұйымын ұйымдастырып, өзінің әртістік өнерін шындай түседі. Әскери жауынгерлер алдында концерттер береді. Содан соғыс басылғаннан кейін бір жылдан соң ғана елге аман-сау оралады. Осылайша 1941-1946 жылдары Қиыр Шығыс майданында өзінен жүктелген әскери міндетін ойдағыдай атқарды. Майдангердің әскери билетінде былай деп жазылған:

1. Призван по мобилизации Денгизским РВК Гурьевской области, в августе 1941 года
2. 260 стрелковая бригада – командир отделения, стрелки –



август 1941 года по июнь 1944 года;

3. 399 стрелковый полк – командир стрелкового отделения – июнь 1944 года по октябрь 1945 года;

4. Армейский запасной стрелковый полк – командир стрелкового отделения – октябрь 1945 года по май 1946 года;

5. Демобилизован на основании Указа Президиума Верховного Совета СССР от 2 марта 1946 года. Звание: старший сержант – 10 мая 1946 года

Награды:

1. Орден Отечественной войны 2 степени № 6536269
2. Медаль «20 лет Победы в Великой Отечественной войне» 1965 год
3. Медаль «30 лет Победы в Великой Отечественной войне» 1975 год
4. Медаль «60 лет Вооруженных сил СССР» 1978 год
5. Медаль «40 лет Победы в Великой Отечественной войне» 1985 год
6. Медаль «50 лет Победы в Великой Отечественной войне» 1995 г
7. Медаль «Маршала Советского Союза Жукова» 1996 г
8. Знак «Ветеран войны» 1999:
9. Медаль «За победу над Японией»

Исхак Иманқұлов 1946 жылдан 1970 жылға дейін Атырау облыстық драма театрында еңбек етті. 1970 жылы театр кадрларын күшейту мақсатында Оңтүстік Қазақстан облысы Мақтаарал ауданындағы Қ.Жандарбеков атындағы Қазақ музыка-

лық-драма театрына шақырылды. Алғашқы күннен бастап-ақ ұжымның творчестволық және ауданның қоғамдық драма театрына өміріне белсене қатысты. Өзінің театрдағы творчестволық еңбегі кезінде 150-ден астам рөлдерді ойнады, оның ішінде В.И. Ленин рөлі де бар. Жоғарғы сахналық шеберлігі мен ұзақ жылғы қазақ театр өнерін дамытуда жемісті еңбегі үшін 1963 жылы 17 тамызда Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесі Президиумы оған «Қазақ ССР-не еңбегі сіңген артист» деген құрметті атак беріп, Қазақ ССР-і Жоғарғы Кеңесі Президиумының Құрметті Грамотасымен марапатталды. Сонымен қатар, Қазақ ССР-і Мәдениет Министрлігінің 2 рет Құрмет Грамотасымен, «Үздік еңбегі үшін» белгісімен, «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталып, оның есімі Атырау облысының Құрмет кітабына енгізілген. Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 30 жылдығына байланысты және соғыстан кейінгі жылдардағы белсенді еңбегі үшін екінші рет Қазақ ССР-і Жоғарғы Кеңесі Президиумының Құрмет Грамотасымен де марапатталды.

Иманқұлов актерлік жұмысынан басқа шығармашылықпен де айналысып, әңгімелер, өлеңдер жазып, драматургиямен шұғылданған. Еңбек демалысында жүргеніне қарамастан Мақтаарал ауданының қоғамдық өміріне белсене қатысып, тұрғындар, әсіресе жастар арасында өнерді насихаттауға үлкен үлес қосты. «Мен өмірімнің 45 жылын сахнаға, театр өнеріне бағыштаған адаммын. Осынау бір ғұмырға татитын сахналық өмірде бұл өнердің қызығын да, қуанышын да, қиындығы мен күйінішін де көп көрдім», – деп өмірінің аяғына дейінгі ғұмырын шығармашылыққа арнаған Ысхак аға биыл 110 жасқа толады. Біз де асыл ағаның өшпес биік рухына тағзым етіп, бас иеміз.

Амзеева Гүлнұр
Тұрсынбекқызы
«Түркістан облысының
қоғамдық-саяси тарихының
мемлекеттік архиві» КММ-нің
сектор басшысы

ҰЛЫ ӨРКЕНИЕТ ӨНЕРІНІҢ ФЕНОМЕНИ НЕДЕ?

Адамзат тарихы басталған кезден бастап әлемнің әртүрлі бөліктерінде ежелгі өркениеттер пайда болды. Б.з.б. I мыңжылдықта Солтүстік Үндістанды, Ауғанстанды, Орта Азияны және Қазақстанның оңтүстігін қамтитын кең байтақ аумақта «сақ» деп аталатын тайпа өркениеті қамтыды. Сақ державасы біздің дәуірімізге дейінгі 550 жылы ұлы империя болды. Империя бірнеше ғасырлар бойы өсіп, басқа ұлы өркениеттерді, соның ішінде Лидия мемлекетін, Жаңа Вавилон патшалығын, ежелгі Египетті және басқаларын бағындырды. Сондай-ақ, Персеполис Ахеменидтер империясының астанасы болды, бұл қала қазіргі Иранның аумағында, Марвдешт қаласының маңында орналасқан.

Сақ өнері орындаушылық шеберлігімен және пішіндер байлығымен ерекшеленетін жоғары көркем туындыларымен танымал. Азиялық сақтар – Еуропалық скифтер мен сарматтармен бірге екі мың жылдан астам уақыт бұрын Еуразияның орасан зор кеңістігін мекендеген көшпелі халықтар. Геродот оларды «Алтынды меңгерген халықтар», «атпен біріктірілген кентаврлар» деп атады. Олардың жоғары мәдениеті мен әлем туралы идеялары зергерлік бұйымдарда, ат жабдықтарында, қару-жарақтарда көрінеді.

Сақтар алтын зергерлік бұйымдарды жасаудың өзіндік техникасын қолданды. Олар алтыннан фольгалар жасады. Алтын



фольгалар қалыптауға салынып, оларға әртүрлі пішіндер берілді. Ат әбзелдерінің көпшілігі жұқа және тығыз фольгадан жасалды. Ең қызығы бұл алтын фольгалар күн сәулесі түскен кезде кемпіркосақтың жеті түсін қайталай алады екен. Қазіргі таңда сақ алтындарының бұл құбылысының сыры тарих қойнауына сіңіп, бүгінгі күннің зерттеуші ғалымдары үшін беймәлім күйде қалуда.

Ежелгі шеберлер бір-бірін көшірмеген, әрқайсысының өз қолтаңбасы болған және алтын жасаудың құпиялары бір ұрпақтан екінші ұрпаққа беріліп отырды. Алтын өндіру және өңдеуде сақ зергерлері жергілікті кен орындарынан өндірілген металды пайдаланды. Өндіруден кейін металл тазартылып, қалыптауға дайындалатын.

Сақтар үшін алтын ерекше құндылыққа ие болды. Алтын зергерлік бұйымдарын жасаудың тағы бір әдісі – сұйытылған аттының түрлі пішіндерге құю. Ол үшін зергерлер саздан, металдан жасалған аң бейнесіндегі қалыптарды қолданды.

Сақтар монеталар мен бұйымдардың бетіне бедерлі өрнектер қолданған. Шеберлер әшекейлерге ерекше сәндік элементтер беретін күрделі өрнектер мен мотивтер жасау үшін гравюраны пайдаланды. Сақ

әшекейлері көбінесе тайпа мәдениеті мен нанымдарын бейнелейтін жануарлар тақырыбындағы элементтерді қамтыды. Бұл әшекей ретінде қызмет етіп қана қойған жоқ, сонымен қатар көбінесе иесінің мәртебесін білдіретін салттық мағынаға да ие болды.

Сақ алтын зергерлік бұйымдарының феномені – археология үшін де, ежелгі сақтардың мәдени дәстүрлерін зерттеу үшін де маңызды ерекше құбылыс. Жерлеу орындарынан табылған бұл әшекейлер көшпелі қоғамдардың шеберлігі мен көркемдік дәстүрлерінің жоғары деңгейін көрсетеді. Іс жүзінде әрбір безендіру сақтардың дүниетанымына әсер ететін әлеуметтік құрылымды, символизмді және процестерді түсінуге ықпал етеді.

1963 жылы басталған зерттеулер түрлі нанымдар мен жергілікті мифтердің көптеген қызықты аспектілерін ашты, олардың мәдениетіндегі алтынның маңыздылығын көрсете білді. Сақ әшекейлері зерттеушілер мен суретшілерді шабыттандырып, Орталық Азияның тарихы мен археологиясы саласындағы жаңа зерттеулерге жол ашуда.

Д. ТАУАСАРОВА
«Ұлы Дала Елі» орталығы
қызметкері



«Соңы. Басы 1-бетте».

«Демек, көңіл-күйдің нашар болуы адам ағзасына кері әсерін аямай тигізетін болса, керісінше жақсы көңіл-күй науқас адамның сауығына ықпал етпей ме?» деп ойлады Норман. Сөйтіп, ең қарапайым әрі арзан тәсіл – күлкі арқылы емделуге бел байлайды. Ол енді құр жатпай әйгілі дәрігерлер мен ғалымдардың еңбектерін оқуға кіріседі. Олардың да жазып кеткен дүниелерінен жақсы көңіл-күйдің адам ағзасы үшін мың да бір ем екенін ұғып, көз жеткізеді.

Осылайша күлкінің дәрумені ғана емес, айықпас дертке қарсы күдіреті күшті қару екенін білген Казинс осындай мүмкіндік барда төсекке танылып, өлімді күтіп жата беруге болмайтынын біледі. Сөйтіп, ол өзінің рухы мен тәнін күлкі арқылы аурумен күресуге жұмылдырмақ болады. Бірақ бұл айтар ауызға болмаса төсек тартып, бір орында тапжылмай

ӨЛІМДІ КҮЛКІГЕ АЙНАЛДЫРҒАН АДАМ

жатқан науқас үшін оңай емес еді. Буын-буыны сырқырап, жан шыдатпай ауырғанда жанын қоярға жер таппайтын еді. Сай сүйегі сырқырап, қақсап жатқанда қайдағы күлкі?! Оның айығына ешқандай үміттің жоқтығын алға тартып, оны үйге шығаруға үзілді-кесілді қарсы болған дәрігерлердің айтқанына қарамастан ол ауруханадан шығып, қонақүйге жайғасады. Қиын күндерде оның жанында сенімді серігі әрі досы, баяғы күлкінің шипасы туралы айтқан доктор Хитциг қана қалады. Сондай-ақ ол Казинстың күлкімен емделу туралы идеясын қолдаған жалғыз адам болатын. Ол қонақүйге кинопроектор әкеп орнатады, бөлмені түрлі комедиялық фильмдер мен кітаптарға толтырады. Алдымен он минуттан ғана көре бастағанда Казинс өзін-өзі зорлап күлген күлкінің сәл де болса ауруды жеңілдететінін сезеді. Содан кейін бір-екі сағат болса да көз шырымын алып, кәдімгідей демалып қалатын еді. Ұйқыдан ояңған Норманға күтуші (сиделка) күлкілі хикаяларға толы кітаптар оқып беретін. Осылай бірнеше күн өтті. Жанын қоярға жер таппызбаған ауруы кәдімгідей бәсеңдей бастады. Ал доктор Хитциг болса аутоиммундық процеске күлкінің әсерін зерттемек мақсатында күлкі сеансының алдында және одан кейін міндетті түрде қан сараптамасын алып отырды. Әр жолы аурудың біртіндеп артқа шегініп бара жатқанын байқамау мүмкін емес еді. Бұл екеуі осылайша «Күлкі – ең жақсы ем» деген ежелгі нақылдың ақиқат екендігіне көз жеткізеді.

Казинс күніне шамамен алты-жеті сағат тоқтаусыз ішегі катып күлетін еді. Бұл екі арада оған құйылатын дәрі-дәрмектер де біртіндеп азая бастады. Кейін тіпті мүлде дәрі ішпейтін болды. Бір күні Хитциг ұйықтататын дәріні де тоқтатты. Өйткені бірте-бірте Казинстың ұйқысы да қалыпқа келе бастаған еді. Бір айдан кейін Казинс саусақтарын ауыр-

сынбай қозғалта алатын болды. Денесіндегі аурудан пайда болған дақтар да кете бастады. Араға тағы бір ай салып, ол төсегенде өз бетімен аунап-қунай алатын болды. Бұл дегеніңіз сұмдық бақыт қой! Сөйтіп, ол бір күні төсектен де тұрды. Бірақ, әрине, әлі тізесі дірілдеп, қолдары оның ырқына бағынбайтын еді. Соған қарамастан ол жазуды қолға алып, өзінің сүйікті кәсібін қайтып оралды. Бұл Казинс үшін нағыз ғажайыптың өзі болатын.

Арада бірнеше ай өткенде буындардың сырқырағаны қайта бастады. Тек тізелері мен бір нығы ғана түнде қатты қақсайтын еді. Дегенмен оның саусақтары пианино пернесінде тынымсыз жорғалап, өзінің сүйікті туындылары – Бахтың шығармаларын ойнап жатты. Кейін тіптен теннис ойнап, атқа мінетін болды. Осылайша Норман омыртқа зақымданғандықтан орнынан тұра алмайды деген дәрігерлердің болжамын күл-талқан етті.

Арада он жыл өткенде Казинс күтпеген жерден баяғы өзіне ешқашан жазылмайсың деп үкім шығарған дәрігерді көріп қалады. Ол болса Казинстың тірі, тірі болғанда да сапсау екенін көріп, есінен танып қала жаздайды. Қол алысып амандасқан Норман әлгі дәрігердің қолын қатты қысқаны сонша, сындырып жібере жаздапты. Оның бұл әрекеті басқа қандай да бір қызыл сөздерден мың есе артық еді.

1976 жылы Норман Казинс өзінің «Ауру анатомиясы (науқастың көзімен)» деп аталатын автобиографиялық кітабын жазып шығарады. Бұл бүкіл әлемде үлкен резонанс туғызған жағдай болды. Автор өзінің кітабында адамның эмоционалды тұрғыдағы жай-күйі ауыр дерттің өзінен айықтыруға қауқарлы екенін жазған. Міне, күлкінің пайдасы осындай екен!

Жанар ОРАЗЫМБЕТ

Біле жүріңіз!

ҚЫЗЫЛШАДАН ҚОРҒАНУДЫҢ ЖОЛЫ – ЕКПЕ АЛУ

Қызылша – бұл өте кең түрде таралған инфекциялық ауру. Аурудың белгілері дене қызуының көтерілуі, мұрынның, көздің және тамақтың шырышты қабығы қабынып, теріде бөртпелер пайда болуымен сипатталады. Ауру тыныс алу жолдарының ауыр асқынуларына және мидың зақымдалуына әкелуі мүмкін.



Вирус ауа тамшылары арқылы сөйлескенде, жөтелгенде, түшкіргенде ауру адамның сілекейімен сыртқы ортаға тарайды. Ауырып, жазылған адамда өмір бойы қызылшаға қарсы иммунитет сақталады. Кезінде қызылшамен ауырған әйелден туған бала үш айға дейін бұл ауруға шалдықпайды, өйткені сәбидің бойында анасынан берілген ауруға қарсы денелер, яғни антитела уақытша сақталады. Қызылшамен ауырмаған және оған қарсы вакцина алмаған адам кез келген жаста вирусты жұқтырып алуы мүмкін.

Қызылшаның алдын алуға тиімді де сенімді шаралардың бірі – вакцина алу. Қызылшаға қарсы вакцинада әлсіреген вирус бар және тері астына инфекция түрінде беріледі. Вакцина төрт аурудың аралас ерітіндісі ретінде енгізіледі: қызылша (Measles), шошқа (Mumps), қызамық (Rubella) және желшешек (Varicella) немесе қызылша, шошқа және қызамықтың аралас ерітіндісі ретінде.

Қызылшаға қарсы екпе алу сақтану иммунитетін қалыптастырады. Бірінші екпе бала 1 жаста, екінші екпе бала 6 жаста болғанда жүргізіледі. Екпе 15 жыл бойы тұрақты, сақтау тиімділігін қамтамасыз етеді.

Қызылшамен ауырған адам болған инфекция ошағында, ұжымда эпидемияға қарсы шаралар жүргізіледі. Инфекция ошағында күн сайын аурумен қарым-қатынаста болған адамдарды тексеріп, термометрия жүргізеді. Жұқтырған адамдар анықталса, дереу оқшауланады. Қызылша, қызамыққа және шошқа мойынға

(ҚКП) қарсы екпе бұл аурулардан сақтайды.

Қызылшаның алдын алуға вакцинацияның тиімділігі өте жоғары, екі рет екпе алғаннан кейін шамамен 97% қорғайды. Вирусқа қарсы вакцина – қызылша ауруының алдын алу үшін қазіргі кездегі ең тиімді құрал. Вакцинация алғаннан соң шамамен екі аптадан кейін қорғаныс береді.

Балаларда: Вакцинация 12 айлық және 1-сыныпта әдеттегі вакциналардың бірі ретінде беріледі (вакцинаның тек екі порциясы). Вакцинацияның бірінші бөлігін алуды кешіктірмеу маңызды.

Ересектерде: бұрын қызылшамен ауырмаған және вакцинанан екі порциясын алмаған ересектерге вакцинацияны толықтыру ұсынылады. Вакцинация кем дегенде төрт апта аралықпен екі порцияда жасалады.

Вакцинацияны келесі жағдайларда жасауға болмайды:

- * Температураны бірге жүретін жедел ауру кезінде;
- * Егер вакцинанан алдыңғы бөлігін алғаннан кейін ауыр реакция болса;
- * Егер вакцина компоненттерінің біріне сезімталдық белгілері болса (мысалы, neomycin);
- * Иммундық жүйесі әлсіз адамдарға;
- * Жүкті әйелдерге.

Қулымбетова Рабиға Анаркулқызы, Шымкент бөлімшелік көліктегі санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының басшысы

САПАСЫЗ ҚЫЗМЕТ АЛСАҢЫЗ НЕ ІСТЕУ КЕРЕК?

Тұтынушылардың заңнамасы тұрғысынан нашар көрсетілетін қызметтің құқықтық жауап беру әдістері мен тұтынушылардың құқықтарын қорғау тетіктері бойынша сапасыз тауарлардан іс жүзінде ешқандай айырмашылығы жоқ. «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 35-бабына сәйкес тұтынушы орындаған жұмыста (көрсетілетін қызметте) кемшіліктерді анықтаған кезде өз қалауы бойынша:

- 1) орындалған жұмыстағы (көрсетілетін қызметтегі) кемшіліктерді тегін жою;
 - 2) орындалған жұмыс (көрсетілген қызмет) үшін сыйақының тиісті төмендеуі;
 - 3) бірдей сапалы біртекті материалдан басқа затты тегін өндіру немесе жұмысты қайталап орындау (қызмет көрсету);
 - 4) егер тұтынушының оларды жою құқығы шартта көзделген болса, олардың ақауларды жоюға жұмсаған шығындарын өтеу.
- Егер мердігер белгіленген мерзімде орындалған жұмыстағы (көрсетілетін қызметтегі) кемшіліктерді жоймаса немесе жұмыста (қызметте) белгіленген мерзімнен ауытқулар болса, тұтынушы шартты бұзуға және залалдардың орнын толтыруды талап етуге құқылы.

ТҰТЫНУШЫЛЫҚ ДАУДЫ СОТҚА ДЕЙІН РЕТТЕУ

«Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» ҚР Заңының 42-8 бабына сәйкес тұтынушы сатушыға (дайындаушыға, орындаушыға) осы Заңның 33-2-бабына сәйкес ол туралы ақпаратты сатушы (дайындаушы, орындаушы) орналастырған, тұтынушылық дауды сотқа дейінгі реттеу субъектісінің – төреліктің, медиатордың, тұтынушылардың қоғамдық бірлестігінің, қауымдастықтардың (одақтардың) не сатушы (дайындаушы, орындаушы) мүшесі болып табылатын өзін-өзі реттейтін ұйымның қарауына беруді ұсынуға құқылы.



Бұл ретте сатушы (дайындаушы, орындаушы) тұтынушымен келісуге және тұтынушылық дауды сотқа дейінгі тәртіппен қарауға қатысуға құқылы.

1. Тұтынушылық дауды сотқа дейінгі реттеу субъектісінің қарауына тұтынушылық дауды беру туралы келісім жазбаша нысанда ресімделеді.

2. Тұтынушы тұтынушылық дауды сотқа дейінгі тәртіппен қарау туралы өтінішті тараптардың тұтынушылық дауды сотқа дейінгі реттеу субъектісінің қарауына тұтынушылық дауды беру туралы жазбаша келісімі болған кезде тұтынушылық дауды сотқа дейінгі реттеу субъектісіне жүгіну арқылы немесе Тұтынушылардың құқықтарын қорғаудың бірінші ақпараттық жүйесі арқылы беруі мүмкін. Тұтынушылық дауды сотқа дейінгі реттеу субъектісі тұтынушылардың өтініштерін қарау қорытындылары туралы тоқсан сайынғы ақпаратты уәкілетті органға береді.

3. Тұтынушылық дауды сотқа дейінгі тәртіппен қарау осы Заңның және Қазақстан Республикасының төрелік, медиация, өзін-өзі реттеу туралы заңнамасының талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

Д.СЕЙТАЕВ, Шымкент қаласы бойынша Сауда және тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаменті бас маманы

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Тамерлан Моторс» ЖШС «Қызылорда қ., Сырдария өзенінің сол жағалауы, н/с мекенжайындағы Тойота дилерлік орталығы. 1-ші кезек» (сметалық құжаттарсыз) жұмыс жобасының «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі бойынша қоғамдық талқылау түрінде қоғамдық тыңдаулар өтетіндігін хабарлайды.

«Тамерлан Моторс» ЖШС-ның мекенжайы: Шымкент қ., Темірлан тас жолы, 90, байланыс телефоны: 87476955496, e-mail: senkin@toyota-shymkent.kz

ЖК «Суинбеков Ж.К.» мекен жайы: Астана қ., Жұмабаев к-сі, 5/1, байланыс телефоны:

+7(702) 230-90-90, e-mail: eco-start@list.ru

Жобалық құжаттама пакетімен Бірыңғай <https://ecoportal.kz> экологиялық порталында танысуға болады.

Барлық ескертулер және/немесе ұсыныстар Бірыңғай <https://ecoportal.kz> экологиялық порталында, 3 ақпан мен 7 ақпан (қоса алғанда) аралығында қабылданады.

Қосымша ақпаратты мына мекенжай бойынша алуға болады: Қызылорда облысы, Қызылорда қ., Сол жағалау к-сі, 177А ғим. және +7 771 5012674 телефоны бойынша алуға болады.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО «Тамерлан Моторс» сообщает о том что, состоится общественные слушания в форме публичных обсуждений по разделу «Охрана окружающей среды» к Рабочему проекту «Дилерский центр Тойота в г.Кызылорда, левый берег реки Сырдарья, б/н. 1-ая очередь» (без сметной документации)

Адрес ТОО «Тамерлан Моторс»: г. Шымкент, трасса Тамерлан, 90, телефон: 87476955496, e-mail: senkin@toyota-shymkent.kz

Адрес ИП «Суинбеков Ж.К.»: г.

Астана, пр.Жумабаева 5/1, телефон: +7(702) 230-90-90, e-mail: eco-start@list.ru

С пакетом проектной документации можно ознакомиться на Едином экологическом портале <https://ecoportal.kz>.

Все замечания и/или предложения принимаются в срок с 3 по 7 февраля (включительно) на Едином экологическом портале <https://ecoportal.kz>.

Дополнительную информацию можно получить по адресу: Кызылординская обл., г. Кызылорда, ул. Левый берег, ст-е 177А и по телефону +7 771 5012674.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Қызмет» газетінің 2024 жылғы 15 қараша күні №42 санында жарияланған «Сырдария-Түркістан мемлекеттік өңірлік табиғи паркі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі жер учаскелерін туристік рекреациялық мақсатта ұзақ мер-

зімге пайдалануға беру жөнінде тендер өткізілетінін хабарлаған. Сырдария-Түркістан мемлекеттік өңірлік табиғи паркінің инфрақұрылымын дамытудың бас жоспарына сәйкес туристік және рекреациялық мақсатта жер телімдерін

пайдалануға беру жөніндегі тендерлік комиссия отырысының №73, 74, 75 хаттамасына сәйкес, жер учаскелерін туристік рекреациялық мақсатта ұзақ мерзімге пайдалануға беру жөнінде тендер қорытындысы:

№	Лот-тардың тізбесі	Учаскенің орналасқан жері мен аумағы	Жер көлемі	Тендер жеңімпаздары
1	№1	Түркістан филиалы Қызылшаруа орманшылығы, №30 орам, №1,2,3,5,10 телімдері	2,95 га	Жеңімпаз анықталмады
2	№2	Түркістан филиалы Қызылшаруа орманшылығы, №30 орам, №5,10 телімдері	3,1 га	Жеңімпаз анықталмады
3	№12	Түркістан филиалы Отырар орманшылығы, №56 орам, №2 телімі	1,0	Жеңімпаз анықталмады
4	№28	Түркістан филиалы Отырар орманшылығы, №4 орам, №16 телімі	9,3 га	Жеңімпаз анықталмады
5	№44	Түркістан филиалы Қызылшаруа орманшылығы, №27 орам, №5 телімі	2,5 га	Жеңімпаз анықталмады
6	№47	Түркістан филиалы Шәуілдір орманшылығы, №74 орам, №1,2,5,6 телімдері	8,6 га	«Азамат» ӨК
7	№48	Түркістан филиалы Шәуілдір орманшылығы, №18 орам, №4,5,6,7 телімдері	9,2 га	Жеңімпаз анықталмады
8	№49	Түркістан филиалы Қызылшаруа орманшылығы, №30 орам, №1,2,6 телімдері	2,0 га	Жеңімпаз анықталмады
9	№62	Түркістан филиалы Отырар орманшылығы, №57 орам, №7,8,11,12 телімдері	10,0 га	Жеңімпаз анықталмады
10	№63	Түркістан филиалы Отырар орманшылығы, №30 орам, №3,4,5 телімдері	9,15 га	Жеңімпаз анықталмады
11	№55	Сырдария филиалы Шардара орманшылығы, №65 орам, №4 телімі	2,0 га	Жеңімпаз анықталмады
12	№56	Сырдария филиалы Арыс орманшылығы, №19 орам, №4 телімі	2,0 га	Жеңімпаз анықталмады
13	№57	Боралдай филиалы Төректі орманшылығы, №35 орам, №9,10 телімдері	1,0 га	Жеңімпаз анықталмады
14	№58	Боралдай филиалы Төректі орманшылығы, №35 орам, №9,10 телімдері	1,0 га	Жеңімпаз анықталмады
15	№59	Боралдай филиалы Қошқарата орманшылығы, №50 орам, №2 телімі	2,0 га	Жеңімпаз анықталмады

Е.ЕРАЛЫ

Туризм, рекреация және экологиялық ағарту бөлімінің туризм менеджері

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МІНДЕТТІ ӘЛЕУМЕТТІК МЕДИЦИНАЛЫҚ САҚТАНДЫРУ ТУРАЛЫ ЗАҢНАМАСЫН БҰЗУ ТУРАЛЫ

1. Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға аударымдарды және (немесе) жарналарды төлеушінің Қазақстан Республикасының міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы заңнамасында көзделген міндеттерді:

1) мемлекеттік кіріс органдарына міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға аударымдарды және (немесе) жарналарды төлеушілердің тізімдерін ұсынбау;

2) жұмыс берушілердің, дара кәсіпкерлердің, жеке нотариустардың, жеке сот орындаушыларының, адвокаттардың, кәсіби медиаторлардың міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға аударымдарды және (немесе) жарналарды төлеуші, (аудармауы), уақтылы және (немесе) толық төлеуші (аудармауы) түрінде орындамауы не тиісінше орындамауы ескерту жасауға әкеп соғады.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекеттер – жеке нотариустарға, жеке сот орындаушыларына, адвокаттарға, кәсіби медиаторларға, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне немесе коммерциялық емес ұйымдарға – міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға төленбеген (аударылмаған), уақтылы және (немесе) толық төленбеген (аударылмаған) аударымдар және (немесе) жарналар сомасының жиырма, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – отыз, ірі

кәсіпкерлік субъектілеріне елу пайыз мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

3. Банктердің және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың Қазақстан Республикасының міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы заңнамасында белгіленген міндеттерді:

1) Қазақстан Республикасының міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы заңнамасында көзделген жағдайларда мемлекеттік кіріс органдарының өкімі бойынша әлеуметтік аударымдарды төлеушінің банктік шоттары бойынша барлық шығыс операцияларын тоқтатпау;

2) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға аударымдардың және (немесе) жарналардың және өсімпұлдардың сомаларын алуға мемлекеттік кіріс органдарының инкассольдік өкімдерін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен орындамау түрінде орындамауы Қазақстан Республикасының міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы заңнамасында белгіленген міндеттерді орындамау кезеңінде төлеушілердің банктік шоттары бойынша жасалған шығыс операциялары сомасының бес пайызы мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Ж.НУСКАБАЕВА,
Еңбекші ауданы бойынша МКБ-ның Өндіріп алу бөлімінің бас маманы

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Шымкент әуежайы» акционерлік қоғамы «Шымкент қаласының әуежайында такси жолдарын, ЖҮҚЖ-2, құрылысымен әуеайлақты қайта құру» жұмыс жобасына ықтимал әсерлер туралы есеп бойынша ашық жиналыстар нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізуді жоспарлап отыр.

Тыңдау 2025 жылғы 20 наурыз, сағат 15:00-де Шымкент қ., Абай ауданы, Бакбаев к-сі, 51/3, 3-қабат, каб. 10 (ақт залы).

Төтенше жағдай және (немесе) шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар енгізілген жағдайда, қоғамдық тыңдаулар онлайн-режимде өтеді.

Онлайн режимде қоғамдық тыңдауларға қосылуға сілтеме: <https://us05web.zoom.us/j/82810291854?pwd=UbgexNae4sMhQ7iNlFtZ9E5P490Ak1.1>. конференция идентификаторы: 828 1029 1854. Кіру коды: 4mEEJf. Онлайн-режимде қоғамдық тыңдауларға қосылуға сілтемені келесі электрондық пошта бойынша сұратуға болады: iporken@inbox.ru.

Белгіленген қызмет бастамашысының деректемелері мен байланыс деректері: «Шымкент әуежайы» АҚ, заңды мекен-жайы: Шымкент қаласы, Абай ауданы, Бакбаев көшесі, 51/3. БСН 970140000162.

Тапсырыс берушінің ескертулер мен ұсыныстар қабылдайтын интернет-ресурсының немесе электрондық поштасының мекен-жайы: reception@airserv.kz

Құжаттаманы әзірлеуші: «Оркен» ЖК, +7701/8474319, iporken@inbox.ru

Жобалық құжаттама пакетімен Бірыңғай экологиялық порталда (<https://ecoportal.kz/>) танысуға болады.

Барлық ескертулер және/немесе ұсыныстар қоғамдық тыңдауларды өткізу күніне дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірмейтін мерзімде Бірыңғай экологиялық порталда, сондай-ақ «Шымкент қаласының қалалық жайлы ортаны дамыту басқармасы» ММ-де қабылданады, мекен-жайы: Шымкент қаласы, Қаратау ауданы, Назарбаев даңғылы, 10, эл.пошта: priodab@mail.ru, тел. 8(7252)24-75-10.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

Акционерное общество «Аэропорт Шымкент» планирует проведение общественных слушаний в форме открытых собраний по Отчету о возможных воздействиях к рабочему проекту «Реконструкция аэродрома со строительством ИВП-2, рулевых дорожек в аэропорту г. Шымкент».

Слушания состоятся 20 марта 2025 года, в 15:00 часов, по адресу г. Шымкент, Абайский район, ул. Бакбаева 51/3, этаж 3, каб. 10 (актовый зал).

В случае введения чрезвычайного положения и (или) ограничительных мероприятий, в том числе карантина, чрезвычайных ситуаций социального, природного и техногенного характера, общественные слушания проводятся в онлайн-режиме.

Ссылка на подключение к общественным слушаниям в онлайн-режиме: <https://us05web.zoom.us/j/82810291854?pwd=UbgexNae4sMhQ7iNlFtZ9E5P490Ak1.1>. Идентификатор конференции: 828 1029 1854. Код доступа: 4mEEJf. Ссылку на подключение к общественным слушаниям в онлайн-режиме можно запросить по

электронной почте: iporken@inbox.ru.

Реквизиты и контактные данные инициатора намечаемой деятельности: АО «Аэропорт Шымкент», юр. адрес: г. Шымкент, Абайский район, ул. Бакбаева 51/3. БИН 970140000162.

Адрес интернет-ресурса или электронной почты заказчика, где принимаются замечания и предложения: reception@airserv.kz

Разработчик документации: ИП «Оркен», +7701/8474319, iporken@inbox.ru

С пакетом проектной документации можно ознакомиться на Едином экологическом портале (<https://ecoportal.kz/>).

Дополнительную информацию, относящуюся к проекту, можно получить по электронной почте: iporken@inbox.ru тел. 8-701-847-4319.

Все замечания и/или предложения принимаются в срок не позднее 3 рабочих дней до даты проведения общественных слушаний на Едином экологическом портале, а также в ГУ «Управление развития комфортной городской среды города Шымкент», по адресу: г. Шымкент, Каратауский район, проспект Назарбаева, 10, эл.адрес: priodab@mail.ru, тел. 8(7252)24-75-10.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«SKM NS» ЖШС «Астана қаласы, Алматы ауданы, А84 көшесі, №8 жер телімі мекен-жайында орналасқан жапсарлас салынған үй-жайлары және паркингі бар көпәтерлі тұрғын үй кешенінің құрылысы мен пайдаланылуы (сметалық құжаттарсыз)» жұмыс жобасының «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі бойынша қоғамдық талқылау түрінде қоғамдық тыңдаулар өтетіндігін хабарлайды.

Тапсырыс беруші: «SKM NS» ЖШС. Мекен-жайы: Астана қ., Шұбар тұрғын алабы, Арай к-сі, 29/3 үй. Телефоны:

87016392002, e-mail: aikulim2@gmail.com
Жобаны жасаушы: ЖК «Суинбеков Ж.К.» мекен жайы: Астана қ., Жұмабаев к-сі, 5/1, байланыс телефоны: +7(702) 230-90-90, e-mail: eco-start@list.ru

Жобалық құжаттама пакетімен Бірыңғай экологиялық порталында <https://ecoportal.kz>.

Барлық ескертулер және/немесе ұсыныстар Бірыңғай экологиялық порталында <https://ecoportal.kz>, 3 ақпан мен 7 ақпан (қоса алғанда) аралығында қабылданады.

Қосымша ақпаратты мына телефон +77715012674 бойынша алуға болады.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО «SKM NS» сообщает о том что, состоятся общественные слушания в форме публичных обсуждений по разделу «Охрана окружающей среды» к Рабочему проекту: «Строительство и эксплуатация многоквартирного жилого комплекса со встроенными помещениями и паркингом расположенного по адресу город Астана, район Алматы, улица А 84 участок № 8 (без сметной документации)»

Заказчик: ТОО «SKM NS». Адрес: г.Астана, жилой массив Шұбар, ул. Арай, 29/3
Телефон: 87016392002, e-mail:

aikulim2@gmail.com


Разработчик проекта: ИП «Суинбеков Ж.К.» г. Астана, пр.Жумабаева 5/1, телефон: +7(702) 230-90-90, e-mail: eco-start@list.ru

С пакетом проектной документации можно ознакомиться на Едином экологическом портале <https://ecoportal.kz>.

Все замечания и/или предложения принимаются в срок с 3 по 7 февраля (включительно) на Едином экологическом портале <https://ecoportal.kz>.

Дополнительную информацию можно получить по телефону: +77715012674.

Редакция мекен-жайы: Шымкент қаласы, Түркістан көшесі, 2/2. E-mail: kyzmet_kz@mail.ru



Меншік иесі:
«Қызмет Газеті» ЖШС

Директор:
Бейсенқұл НАРЫМБЕТОВА

Бас редактор:
Мақпал ҚҰРБАНҚЫЗЫ
Тілші:
Сейдалы ДҮЙСЕБАЙҰЛЫ

Тарату бөлімі:
Дина ХАЙМЕТОВА
+7771 66 88 765,
+7775 650 27 75

Газет 2009 жылдың 29 мамырында ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінде тіркеліп, мерзімді баспасөз басылымдарын есепке алу туралы №10166-Г куәлігі берілген.

Редакция авторлар мақаласына, жарнама мазмұнына жауап бермейді. Авторлар қолжазбасы өңделмейді және кері қайтарылмайды. «Қызмет» газетінде жарияланған материалдар мен суреттерді көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті. Газетте жарияланған жарнама мәтіні мен сапасына редакция жауап бермейді. Газеттің кейбір материалдары мен суреттері интернет желісінен алынған.

Газет жұма күндері шығады

Газет «M-press» ЖШС Баспа үйінде басылды. Шымкент қаласы, А.Байтұрсынов к-сі, 18-үй

Таралымы 3100 дана. Тапсырыс